БІР ҒАСЫР ТАРИХЫ БАР ҰЛТ БАСЫЛЫМДАРЫНЫҢ АТАСЫ

QAZAQ ҚАЗАҚ

1913-1918 ж. №1-265
2006-2014 ж. №266-720

Негізі 1913 жылы 2 ақпанда қаланған республикалық газет

№ 41 (938), 26 қазан, 2018 жыл

WhatsApp
Редакциямен байланыс:
+7 702 101 68 40

БРИФ жаңалықтар

БАЛАНЫҢ ОҚУЫНА АРНАЛҒАН 14%-ДЫҚ СЫЙ-АҚЫСЫ БАР ДЕПОЗИТ

Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі шеңберінде білім беру депозитін ашып, ай сайын банктен сыйақы (банкке байланысты 14%-ға дейін) және жылына бір рет мемлекеттен сыйлықақы (5% немесе 7%) алатын боласыз. Ендеше, кірісіңіздің 5-10%-ын балаңыздың болашағына жинаңыз!

КӨЛІККЕ 777-ДЕН БАСҚА ҚАЛАҒАН НӨМІРДІ ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?

Енді көлікке 777-ден басқа қалаған нөмірді де таңдауға мүмкіндік бар. Бұл – 2018 жылдың 15 қаңтарынан бастап енген жаңа жоба. Осылайша, жүргізушілер қалаған мемлекеттік нөмірмен бірге әріптерді де таңдап алуына болады. Ол үшін сатып алушы орталыққа (ХҚКО) барып, өтініш толтырып, мемлекеттік алымды төлеуі тиіс.

27 ЖАСҚА ТОЛҒАННАН КЕЙІН ӘСКЕРИ БИЛЕТТІ ҚАЛАЙ АЛАДЫ?

27 жасқа дейін Отан алдындағы борышын өтемеген қазақстандықтар әскери билет алуы үшін қажетті құжаттарды жинап, жергілікті әскери басқару органына баруы керек. Ал, әскери билет 28 жұмыс күнінен кейін дайын болады.

ҚҰС ҚАНАТ ҒҰМЫР

Бүгінде қоңыр дауысты үнімен әр қазақтың жүрегіне жол тапқан Мейрамбек Беспаевты дүйім жұртқа танымал еткен «Бозторғай» әні еді. Жетім баланың зар-мұңын жүрекке жеткізе білген қаршадай баланы жұртшылық «қазақтың Бозторғайы» атап кетті.

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

Биік белеске бастаған жол

Қазақстан Республикасының Президенті, «Нұр Отан» партиясының Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» үндеуі – Қазақстанның әлеуметтік жаңғыруындағы басым бағыттарды айқындап берген бірегей бағдарламалық құжат.

Мемлекет басшысының ұсыныстары халқымыздың әлеуметтік жағдайын жақсартуға айрықша зор әсерін тигізеді. Бүкіл әлем бойынша әлеуметтік бағдарламалар кейінге шегеріліп, үкіметтер бұрынғы міндеттерінен бас тартып жатқан уақытта Мемлекет басшысы осындай батыл бастамаларды қолға алып отыр. Осылайша, Елбасымыз кезекті рет Қазақстан үшін халқының әлеуметтік жағдайы әрдайым басым бағыт болып саналатынын іс жүзінде дәлелдеп берді.

Біріншіден, бұл әлеуметтік бастамалар дер кезінде қолға алынып отыр. Екіншіден, олардың әрқайсысы бүгінде өзекті болып саналады. Үшіншіден, әр бастаманың мультипликативті әсері бар. Яғни, аталған басымдықтарды жүзеге асырсақ, тек әлеуметтік сала емес, ел дамуының барлық бағыты жандана түседі. Төртіншіден, бұл – жарқын болашаққа салынған инвестиция. Бесіншіден, әр бастама нақты әрі тиімділігімен ерекше. Сондықтан оны жүзеге асыру үшін жұмыла жұмыс істеуіміз керек.

Мемлекет басшысының бұл бастамалары еліміздің экономикалық әлеуеті мен мүмкіндігі сараланып, бүгініміз бен болашағымыз сарапталып және әр тармағына дейін мұқият зерделенгеннен кейін ұсынылып отыр. Оны жүзеге асырудың барлық тетіктері де алдын ала жан-жақты қарастырылғаны анық. Осыларды ескере келе, бүгінде басым бағыттарды жүзеге асыруға Қазақстанның толық мүмкіндігі бар деп айтуға негіз жетерлік.

«Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының белсенділері әлеуметтік бес бастаманы жүзеге асыруға атсалысуда. Облыстағы бастауыш ұйымдарда осы мәселені талқылаған төрт жүзге жуық партия жиналысы өтті. Бұл мәселе барлық деңгейдегі мәслихаттардағы фракциялардың, «Қазақстан – 2050» демократиялық күштердің өңірлік коалициясының отырыстарында, әртүрлі сараптамалық талқылауларында күн тәртібіне қойылды.

Қазіргі таңда елімізде экономиканы әртараптандыру үдерісі қарқынды жүргізілуде. Сондықтан бізде әлеуметтік салаларға көбірек көңіл бөлуге мүмкіндік туып отыр. Осы тұрғыдан келгенде Елбасы бастамалары дер кезінде қолға алынды деп есептейміз.

Мемлекет басшысының әлеуметтік бастамалары еліміздің дамуына және халықтың тұрмысын одан әрі жақсартуға тың серпін береді. Өйткені, қазіргі таңда үндеуде айтылған баспана мәселесі, жалақысы төмен азаматтардың салық жүктемесін азайту, жоғары білімнің қолжетімділігі мен сапасын арттыру, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту, шағын несие көлемін ұлғайту және елді газбен қамтамасыз ету мәселелері, шын мәнінде, өзекті екені сөзсіз. Сондықтан да Елбасы айтқан әр бастаманың маңызы зор.

«Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесіне келіп түскен өтініштерді сараптай келе баспана мәселесінің өзектілігіне көз жеткіздік. Соңғы жылдары бұл бағытта айтарлықтай жұмыстар атқарылды. Елбасының «Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру» бастамасы аясында 2018-2019 жылдары облыс орталығында 1 500 пәтерлік тұрғын үйлер кешені бой көтермек. Олар «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-ы облыстық филиалы мен екінші деңгейдегі банктер арқылы сатылмақ. Сонымен қатар, Петропавл қаласында бес жүзге жуық ескі үй ысырылып, 1 600 отбасы жаңа баспанаға ие болады. «Жас өркен» шағынауданында жүргізіліп жатқан құрылыс жұмыстары бүгіндері көз сүйсіндіреді.

Жалақысы төмен азаматтардың салық жүктемесін азайту да әлеуметтік оңтайлы шешім болғанын атап айтуымыз керек. Мұндай санаттағы адамдар 2019 жылдың 1 қаңтарынан бір пайыз ғана жеке кіріс салығын төлейтін болады. Қазір біздің облыста осындай 31 мың жалдамалы жұмысшы бар. Бір жыл ішінде 867 млн теңгеге жуық қаржы олардың еңбекақы деңгейін көтеруге жұмсалмақ.

Біздің облыстағы жоғары және орта оқу орындарында 18,8 мың студент білім алып жатыр. Олардың бір мың жеті жүзден астамы жатақханаға зәру. Елбасының бастамаларында бұл мәселені шешу жолдары айқын көрсетілген. Қазір М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде білім алып жатқан жастар үшін бір мың орындық осы заманғы екі жатақхананың жобалау-сметалық құжаттары дайындалуда. Мемлекеттік-жекешелік серіктестік шеңберінде мұқтаж студенттер үшін бес жатақхана бой көтермек. Жоғары білімнің қолжетімділігін арттыру мақсатында СҚМУ-де агротехникалық, медициналық мамандықтарға студенттер қабылдануда.

» 02-бетте

БАСПАСӨЗ – 2019

Бұрынғыдай «Қазпоштаға» бармай-ақ, үйде отырып, www.postmarket.kz арқылы газетімізге жазылыңыз!

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ: 64048

«Қара алтынға» сұраныс қазіргідей болса, Арктикадағы мұнай қоры 154 жылға жетеді. Бірақ, ондағы жағдай біз ойлағаннан да күрделі. Біріншіден, мәңгілік мұз астында жатқан аймақтан дәмелі елдер көп. Екіншіден, арктикалық мұнай мен газ өндіру көлемін арттыру экологиялық апатқа алып келеді. Ғасырдан астам тарихы бар «Qazaq» газеті бүгін Арктиканың ахуалына тоқталады.

ТАЛАСҚА ТҮСКЕН АРКТИКА ТАҒДЫРЫ

04



«ХАН ҚЫЗЫ» ҰСЫНҒАН ЖАСАУ

05

Қызын өмірінің қызғалдағына балаған қазақ халқы қызы дүние есігін аша салысымен болашағына бағдар жасаған. Ал, қыз жасауы қыз балаға деген сүйіспеншіліктен, құрметтен пайда болса керек. Бұл күнде қыз жасауын әзірлеу де заманауи формаға енді. «Qazaq» газеті бүгін өз оқырмандарын қыз жасауын әзірлейтін «Хан қызы» дүкенімен таныстырады.

Әр шаңырақта „Qazaq" болсын!

vk.com/qazaq1913
@qazaq1913
Қазақ газеті
qazaq1913.com

Ғасыр тарихы бар «Қазақ» газетіне «Қазпошта», «Еуразия пресс», «Эврика пресс» бөлімшелері арқылы 2019 жылға жазылу басталды

Индекс	Басылым атауы	Жазылу мерзімі	Жазылу бағасы, теңге	
			Қала	Аудан/ауыл
64048	«Қазақ» газеті	6 ай	1 983,48	2 095,20
		12 ай	3 966,96	4 190,40

Ескерту: Жоғарыда «Қазпошта» арқылы газетке жазылу бағасы көрсетілген, ал «Еуразия пресс», «Эврика пресс» мекемелері арқылы газетке жазылу арзанға түседі

ҚАЗАҚСТАНДА ЗЕЙНЕТКЕ ЕРТЕ ШЫҒУҒА КІМДЕР ҚҰҚЫЛЫ?

Биылдан бастап әйелдердің зейнетке шығу жасы әр жылда алты айға ұлғайтылып, он жыл ішінде ерлермен теңестіріледі. «Qazaq» газеті бұрынғысынша зейнетке кімдердің ерте шығатынына тоқталады.

Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтар әлеуметтік қорғалады. 1949 жылғы 29 тамыздан бастап, 1963 жылғы 5 шілдеге дейінгі кезеңде төтенше және ең жоғары радиациялық қауіпті аймақтарда тұрған 45 жастағы әйелдер, 50 жастағы ерлер; бес және одан да көп бала туған (асырап алған) және оларды сегіз жасқа дейін тәрбиелеген 53 жастағы әйелдер; зейнетақы аннуитетін иеленуі жағдайында зейнетақы жинақтары жеткілікті 50 жастағы қазақстандықтар зейнеткерлікке ерте шыға алады.

Аннуитет дегеніміз не? Ол – өмірді сақтандыру жөніндегі компанияға салынған тұрақты салымдар. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіндегі Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің басқарма басшысы Маржан Жолымбетованың айтуынша, шарт жасасу арқылы ерлер 55 жасқа және әйелдер 50/55 жасқа толғанда зейнетке шыға алады. Бірақ, ең төмен зейнетақы мөлшерінен кем емес төлемді қамтамасыз ету үшін зейнетақы жинақтары жеткілікті болуы керек.

> Алматы қалалық Полиция департаментінің хабарлауынша, «Жол қозғалысы қауіпсіздігі» автоматтандырылған видеобекеттерге бірқатар техникалық өзгерту енгізіледі. Енді камералар көліктің жақындап қалғандағы ғана емес, жолдың белгілі бір бөлігіндегі жүріп өткен орташа жылдамдығын да есептеп шығарады. Негізінен жылдамдық V = S/T формуласы арқылы есептеледі. S – екі видеопост арасындағы қашықтық, T – сол қашықтықты жүріп өткен уақыт. Бұл үздік тәжірибе қазір Еуроодақ елдерінде, Жапония, Оңтүстік Корея, Қытай, Ресей елдерінде жүзеге асып келеді. Айта кетейік, қала әкімдігі 2016 жылы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында жол қозғалысын бақылау үшін 1 мыңнан астам камера қойды. Олардың ішіндегі ең жетілген түрі саналатын «Сергек» камералары биыл тамызда орнатылды. Жыл соңына дейін бағдарлама тестілік режимде жұмыс жасап тұрады. Ал, 2019 жылдың басынан бастап «Сергек» камералары жүргізушілердің барлық құқықбұзушылығын тіркейтін болады.

БАЛАНЫҢ ОҚУЫНА АРНАЛҒАН 14%-ДЫҚ СЫЙАҚЫСЫ БАР ДЕПОЗИТ

Жоғары табыстылық және пайыздардың капиталдандырылуы жинақты ақшаның құнсыздануынан қорғап қана қоймай, қомақты қор жинауға мүмкіндік береді. Өйткені, мемлекет сыйақы сомасынан бөлек, пайыздардың капиталға айналуы салым бойынша жиналған пайыздардан қосымша депозиттік пайда алуға мүмкіндік береді. Ендеше, кірісіңіздің 5-10%-ын балаңыздың болашағына жинаңыз!

Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі шеңберінде білім беру депозитін ашып, ай сайын банктен сыйақы (банкке байланысты 14%-ға дейін) және жылына бір рет мемлекеттен сыйлықақы (5% немесе 7%) алатын боласыз. Мысалы, бастапқы жарна 7 000 теңге, банктің пайызы – 13,5%, мемлекет сыйлықақысы – 5% болғанда:

Ай сайынғы жарна	Жеке жарналары	Банктің сыйақысы + мемлекет сыйлықақысы	Барлығы жиналғаны
Жинақтау мерзімі – 5 жыл			
2 000 теңге	125 000 теңге	89 650 теңге	214 650 теңге
5 000 теңге	302 000 теңге	208 405 теңге	510 405 теңге
10 000 теңге	597 000 теңге	406 329 теңге	1 003 329 теңге
15 000 теңге	892 000 теңге	583 086 теңге	1 475 086 теңге
20 000 теңге	1 187 000 теңге	802 176 теңге	1 989 176 теңге
Жинақтау мерзімі – 10 жыл			
2 000 теңге	245 000 теңге	493 195 теңге	738 195 теңге
5 000 теңге	602 000 теңге	1 178 008 теңге	1 780 008 теңге
10 000 теңге	1 197 000 теңге	2 319 362 теңге	3 516 362 теңге
15 000 теңге	1 792 000 теңге	3 296 237 теңге	5 088 237 теңге
20 000 теңге	2 387 000 теңге	4 602 072 теңге	6 989 072 теңге

Теңгеде ашылған депозиттер бойынша мөлшерлеме төмендейді деген ықтималдылық бар, сондықтан 6-8% емес, 13-14% алу үшін тым болмағанда төмендемейтін қалдыққа, мүмкін болатын минималды сома – 3 АЕК-ке (7 000 теңге) депозит ашу мүмкіндігін қазірден бастап қарастыра бергеніңіз жөн.

Депозитті ашу үшін жеке куәлігіңізді, баланың туу туралы куәлігін алып, таңдаған банкіңізге: «Нұрбанк» (14%), «Цеснабанк» (13,5%), «Халық банкі» (12,3%), «ВТБ Банк» (6,2%) барасыз.

Толық шарттарды fincenter.kz және depozit.fincenter.kz сайттарынан немесе 88000802828 бойынша тегін Call-орталығының операторларынан білуге болады.

Жауапты редактор:
Жанар ДӘУЛЕТҚЫЗЫ

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

Биік белеске бастаған жол

» Соңы. Басы 01-бетте

Бүгіндері «Ситифермерлік», «Бизнесті басқару», «Бизнес-жоспарлау», «Агроном-экономист» сияқты жаңа білім бағдарламалары жасалуда. СҚМУ мен Біріккен Араб Әмірлігіндегі әл-Фуджейра университеті арасында бес бағытта жұмыс жүргізу туралы меморандумға қол қойылды.

Біз партия мүшелерінің сан емес, сапалық құрамына басымдық беруге, жұмысты жетілдіруде жаңа саяси технологияларды қолдануға,

	Жеңілдік микронесиесі	ЕДБ несиесі (Банк)
Микронесиенің орташа сомасы	4,5 млн. тг	4,5 млн. тг
Жылдық мөлшерлемесі	6 %	18%
Мерзімі (орташа)	5 жыл	5 жыл
Ай сайынғы төлем	87 000 тг	115 000 тг
Артық төлем	732 000 тг	2,4 млн. тг

жастармен белсенді жұмыс жүргізуге тырысамыз. «Жас Отан» жастар қанатына өңіріміздегі барлық жастар ұйымдарының басын біріктіруге ұйытқы болуды жүктейтін міндеттер қойылған. Міне, «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» осы міндеттерді орындауға, еліміздегі әрбір азаматтың тұрмыстық ахуалын жақсартуға арналған. Елбасы бұл жұмыстарды орындау үшін заңнамалық база жетілдірілгендігін және осы мақсатта ауқымды жұмыс атқарылғандығын да атап өтті.

Жалпы, Президенттің тапсырмасы бойынша «Нұр Отан» партиясы Қазақстан халқы Ассамблеясымен бірлесе отырып, жоғарыда аталған міндеттердің жүзеге асырылуына қоғамдық бақылауды күшейтуді қолға алған болатын. Елбасы тапсырмасына сай «Нұр Отан» партиясының әлеуеті арқылы «Цифрлық Қазақстан», «Рухани жаңғыру» бағдарламалары ел арасында кеңінен насихатталып, шағын және орта бизнесті дамытуға ерекше көңіл бөлініп келеді. Сондай-ақ, жаңа саяси технологияларды енгізу арқылы негізгі жұмыстардың әдіс-тәсілдері өзгерген. Мәселен, енді партия жұмысын бағалауда ұйым тарапынан өткізілген іс-шаралардың және оған қатысушылардың саны емес, халыққа көрсетілген нақты көмектер есепке алынуда. Партия тарапынан ақпараттық, коммуникациялық тетіктер кеңінен қолданылуы нәтижесінде «Нұр Отанның» әлеуметтік желілердегі ақпараттарының таралымы мен оған жазылушылар саны, сәйкесінше оқылымы да арта түскен. Соңғы үш жылдың ішінде партияның бастамасымен елімізде көптеген IT-сыныптар ашылмақ, онда оқушылар бағдарлама жасау мен робот техникасы бойынша тереңдетілген білім алатын болады. Осы жоба аясында біздің облыста 59 сынып ашылған. Бұл жобаларға «Туған жер» бағдарламасы аясында кәсіпкерлер демеушілік көрсетті.

Мамандар даярлау үшін М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті мен Оқушылар сарайында IT-орталықтар жұмыс істейтін болады. Мұндай орталықтарға алдымен оқушылар, жұмыссыз және өзін-өзі қамтыған жастар тартылмақ.

«Нұр Отан» партиясы шағын және орта бизнесті дамыту бағытында да бірнеше жобаны қолға алған. Жалпы, бүгінгі күннің өзекті әрі халыққа тікелей қатысты мәселелерін қоғамдық бақылауға алу, жоспарлардың орындалуын қадағалау еліміздегі ең ірі саяси ұйымның күн тәртібінен түспейді. Бұл – Партия Төрағасының тапсырмасы мен талабы.

Биылғы маусым айында өткен партияның Саяси кеңесінің отырысында Елбасы мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру және олардың орындалуына бақылау жасау ісіндегі «Нұр Отан» партиясының рөлін атап өтті. Қазақстан Президенті әлемдік дамудың және экономикалық үдерістердің жоғары қарқынына тоқталып, жаңа сын-қатерлерге бейімделу қажеттігін айтты.

«Біз жүзеге асыруды жоспарлап отырған жұмыстардың бәрі бәсекеге қабілетті болуымыз үшін қажет. Экономиканың жаңғыруы, «100 нақты қадам» Ұлт жоспары біздің тарапымыздан атқарылуға тиіс нәрсенің бәрін толық айқындап берді», – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекет басшысы «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын және партияның цифрландыру саласындағы жобаларын орындаудың маңыздылығына назар аударды. Бұл маңызды бастамалардың жүзеге асырылуын бақылауды «Нұр Отан» партиясына жүктеді. Елбасы тапсырмасы алдағы уақытта да партия жұмысының өзегі болып қала береді.

Артур МОЛДАҒҰЛОВ,
«Нұр Отан» партиясы Солтүстік Қазақстан облыстық филиалы Төрағасының бірінші орынбасары

БАСТЫ ТАҚЫРЫП

БАЛАЛАР ҚҰҚЫҒЫ БАРЫНША ҚОРҒАЛАДЫ

Балалар – қоғамымыздың ең әлсіз, қорғансыз бөлігі және олар құқықсыз болуға тиіс емес. Елбасы Жолдауында әрбір сәбидің құқығы қорғалуын талап ететінін атап айтты.

Иә, қандай жағдайда болсын еліміздің жеткіншектері заңмен қорғалуға тиіс. Заң алдында бәрінің құқығы бірдей.

Бүгінгі таңда АИТВ (ВИЧ) инфекциясын жұқтырғандар көбейіп келе жатқаны белгілі. Осы дертті жұқтырған адамдардың басым көпшілігі оны мойындағысы келмейді. Шынтуайтында, қоғамнан шеттетіліп қалудан қорқады. Оған сырқат жандардың өз құқығын білмеуі себеп болып отыр.

Жалпы, осы індетке шалдыққан еліміздің азаматтары заңнамалармен қорғалған. Мәселен, оларды балабақша, мектеп, ЖОО және тағы да басқа оқу орындарына қабылдамауға, жұмыстан шығаруға, не қызметке қабылдаудан бас тартуға, тұрғын үй кезегіне тұрғызбауға және өзге де құқықтарын шектеуге жол берілмейді.

Сонымен қоса, заңнамаға сәйкес, бала 18 жасқа толғанға дейін жұмыс істейтін ата-аналардың біріне (асыраушысына) айына төленетін 4 демалыс күні берілуі тиіс. Мүгедек сәбиі бар аналар өздеріне баласы 16 жасқа толғанға дейін жартылай жұмыс күнін немесе толық емес жұмыс аптасын ұйымдастыруды сұрай алады. Кез келген ата-ананың АИТВ жұқтырған 15 жасқа дейінгі баласымен бірге ауруханаға жатуға құқығы бар. Оған аурухана анықтамасы да беріліп, төленуге тиіс.

АИТВ жұқпасы – оны жұқтырған бала үшін үкім емес! Оларды шетқақпайлауға ешкімнің құқығы жоқ. Ата-анасы да баласының тілін тауып, осы жөнінде көбірек түсіндіргені жөн. Емдеудің заманауи әдістерінің арқасында АИТВ-мен туған балалардың арасында бүгінде есейіп, АИТВ жұқпасы жоқ сәбилерді дүниеге әкелген ата-ана атанып отырғандар баршылық.

АИТВ жұқтырған әйелдер арасында ана атануға бел буғандар саны көбейіп келеді. 2016 жылы ана бақытын 256 әйел сезінсе, 2017 жылы олардың саны 311-ді құрады. Астана қаласында өткен жылы осы жұқпалы сырқатты жұқтырған 11 әйел құрсақ көтерді. Олардың баласы АИТВ жұқпасын жұқтырып алмаудың қамын денсаулық сақтау мекемелері барынша жасап жатыр. Дертке шалдыққан әйел құрсақ көтергеннен кейін дәрігерлердің жіті бақылауына алынады.

АИТВ инфекциясы медициналық зарарсыздандырылмаған құралдарды қолданғанда, қан құйғанда және донорлық ағзаны алмастырғанда да жұғуы ықтимал. Қуаныштысы, Астана қаласында АИТВ инфекциясын осы жолмен жұқтырған жағдай бүгінге дейін тіркелген емес.

Сырқат балаларды түрлі ауруларға қарсы егу жөнінде міндетті түрде дәрігермен кеңескен дұрыс екендігін де айта кету керек. Себебі, АИТВ статусы бар балаларға туберкулезге, полиомиелитке, сары қызбаға қарсы тірі екпе салуға болмайды. Бірақ, қызамық пен қызылшаға қарсы екпелер міндетті түрде қажет.

АИТВ инфекциясымен өмір сүретін баланың денсаулығы, оның өмір сүру стилі мен тәрбиесі үшін ата-ананың жауапкершілігі сау баламен салыстырғанда екі есеге жоғары. Бала есейген сайын өзінің сырқаты жөнінде білгені дұрыс. АИТВ-ға шалдыққан жеткіншектердің сыртқы түр-келбеті дені сау балалардан ерекшеленбегенімен, олар құрбыластарының кемсітушілігіне ұшырауы мүмкін. Осы жағдайды болдырмас үшін әр ата-ана балаларының құқығын білгені ләзім.

Майра ӘБУҒАЛИЕВА,
Астана қалалық ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес орталығының эпидемиолог-дәрігері

ҚЫСҚА ҚАЙЫРҒАНДА «ТҰЛПАР-ТАЛҒОНЫҢ» БАРЛЫҚ БАҒЫТТАРДАҒЫ ПОЙЫЗДАРЫНДА 2020 – 2022 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДА ТЕГІН WI-FI ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

УНИВЕРСИТЕТ ТЫНЫСЫ

ӘЛЕУМЕТТІК БАСТАМАЛАР

Ел Президентінің әлеуметтік жауапкершілік және қайырымдылық таныту үндеуі бизнес және түрлі мекемелер өкілдері ортасында қызу қолдауға ие болып отыр. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттер мен жас ғалымдарды қолдау үшін демеушілерді тарту үрдісі жақсы дәстүрге айналды. Тек соңғы үш жылдың өзінде ҚазҰУ түлектері, университеттің жұмыс берушілері мен серіктестері, қазақстандық және шетелдік компаниялар студенттерге 350 миллион теңгеден астам қаржылай қолдау көрсетті.

Меценаттар адами капиталға инвестиция құя отырып, ҚазҰУ-ды еңбек нарығында сұранысқа ие бәсекеге қабілетті мамандар даярлайтын сәтті серіктес деп қабылдайды. Мәселен, жаңа оқу жылында Жапония үкіметтік ұйымы ҚазҰУ студенттеріне арнап 80 миллион теңгеден аса қаржы бөлді. Қаржылай көмек Күн шығыс еліндегі үздік университеттерде білім алу және ғылыми тағылымдамадан өтуге арналды.

Жақында ғана «Азия елдері үздік студенттеріне шәкіртақылар» бағдарламасы аясында талантты студенттер мен магистранттарға оңтүстіккореялық танымал «POSCO» компаниясының арнайы қоры қаржылай қолдау жасады.

«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-мен біздің әріптестігіміз кеңеюде әрі жаңа деңгейге шықты. Біз білімге құштар және жоғары білікті маман болуды қалайтын, сонымен бірге өзінің елі мен халқына пайдасын тигізгісі келетін жастарды қолдаймыз», – деді қордың вице-президенті Нан Ян Санг салтанатты табыстау рәсімінде.

Университетте студенттерге арналып тұтас бір әлеуметтік қолдау кешені жүзеге асырылып жатқанын айта кету керек. Ақылы бөлімде үздік оқитындарға, сонымен бірге әлеуметтік жағдайы аз қамтылған отбасы студенттеріне оқу ақысын төлеуде 10-нан 25%-ға дейін жеңілдіктер қарастырылған. Жыл сайын университеттің ғылыми зерттеулерін қаржыландырудан 10%, яғни 400 миллион теңге магистранттар мен докторанттарды ғылыми-зерттеу жұмыстарына тартуға бөлінеді.

ҚазҰУ-да «Әл-Фараби» олимпиадасының жеңімпаздарын және мемлекеттік білім грантын жеңе алмаған «Алтын белгі» иегерлерін тегін оқыту қарастырылған.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Баспасөз қызметі

ХАЛҚЫНЫҢ БОЙЫ ЕҢ ҰЗЫН, ЕҢ АЛАСА ЕЛДЕР



КӨЛІККЕ 777-ДЕН БАСҚА ҚАЛАҒАН НӨМІРДІ ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?

Енді көлікке 777-ден басқа қалаған нөмірді де таңдауға мүмкіндік бар. Бұл – 2018 жылдың 15 қаңтарынан бастап енген жаңа жоба.

Мамандандырылған ХҚКО-ның құжаттарды қабылдау жөніндегі маманы Олжас Орынбасарұлының айтуынша, автожүргізушілер қалаған мемлекеттік нөмірмен бірге әріптерді де таңдап алуына болады. Ол үшін сатып алушы орталыққа (ХҚКО) барып, өтініш толтырып, мемлекеттік алымды төлеуі тиіс. Мысалы, бүгінгі сатылымға 6 мен 3 саны шығарылса, 601 мен 699 сандар аралығындағы нөмірлердің бірін таңдай алады. Ол үшін 10 341 теңге төлейді. Ол соманың 6 734 теңгесі – мемлекеттік нөмір таңбасын алуға, 3 006 теңгесі – көлік құралын тіркеуге, 601,25 теңгесі – мемлекеттік баж салығын төлеуге кетеді.

Дегенмен, сұранысқа ие таңдаулы нөмірді ала алмайсыз. Өйткені, олардың бағасы басқа. Қымбат! 010 мен 090 аралығындағы нөмірлердің бағасы – 137 085 теңге, 111 мен 999, 100 бен 900 нөмірлерінің бағасы – 329 500 теңге, 001 мен 009 аралығындағы және 777 нөмірі қымбат – 548 340 теңге тұрады. Таңдаулы нөмірді Қазақстанның кез келген ХҚКО-нан тапсырыспен сатып алуға болады.

Егер көлік жүргізушісінің қалаған мемлекеттік нөмірі болмай қалса, қажетті мемлекеттік алымды төлеп, тапсырыс беруіне болады. Ал кезектегі нөмірді тегін алады.

> 2017 жылы әуе көлігі жүргізушілерінің орташа жалақысы 316,9 мың теңгені құрады. Әуе компанияларының жетекшілері өткен жылы шамамен 1,8 млн теңге көлемінде жалақы алса, бөлім жетекшілері – 866,3 мың теңге, ұшақтардың ұшуына жауап беретін жетекшілер – 338,9 мың теңге, авиациялық отрядтың инженерлері – 131 мың теңге, борт инженерлері – 760,8 мың теңге, авиациялық қызметтің инженерлері – 379,9 мың теңге, әуе кемелерін эксплуатациялайтын авиациялық техниктер – 168,1 мың теңге, әскери ұшақты басқаратын ұшқыштар – 171,7 мың теңге, авиациялық ұшқыштар – 991,3 мың теңге, штурмандар – 667,4 мың теңге, аэродром диспетчерлік пунктінің диспетчерлері – 149,2 мың теңге, бортмеханиктер – 339,9 мың теңге, бортсеріктер – 289,7 мың теңге, жанғыш-майлағыш материалдар бойынша авиациялық техниктер – 190,4 мың теңге, жүк ұшақтарының бортоператорлары – 536,4 мың теңге, бортрадистер – 589,2 мың теңге көлемінде жалақы алды.

ҚОҚЫС ӨТКІЗГЕН АЛМАТЫ ТҰРҒЫНДАРЫ СЫЙЛЫҚ АЛАДЫ

Алматылықтар қоқысты дұрыс өткізгені үшін түрлі сыйлықтар алады. Ал, жиналған қоқыстың барлығы қайта өңдеуге жіберіледі.

Қазір «оңтүстік астанада» қағаз, пластик, полиэтилен қабылдайтын 7 пункт арнайы мобильді «Тазалық» қосымшасы арқылы жұмыс жасайды. Қоқыс жинаудың жаңа қосымшасын жас стартаперлер – Халықаралық IT университетінің студенттері ойлап тапты.

«Енді қала тұрғындары өткізген қоқысы үшін сыйлық алады. Мәселен, оның арнайы тарифі бар. 10 келі қағазға 150 теңге беріледі. Әр 1 келі қоқысқа 1 бонус қарастырылады. 25 бонус алған тұтынушылар кинотеатрға немесе «Медеу» мұз айдынына тегін билет алады», – деп түсіндірді жоба авторларының бірі Айбек Рахым.

Жоба авторларының айтуынша, белсенді азаматтарға арнайы профиль ашылып, мәртебе беріледі. Тұтынушылардың белсенділігі артқан сайын олардың қосымшадағы мәртебесі де өзгереді. Осылайша, бейжай қарамайтын азаматтар экология қамқоршысына айналады.

Сонымен қатар, жоба авторлары әр ғимаратқа урналардың орнына экологиялық бокс орнатты. Офис қызметкерлері ғимараттан шықпай-ақ пластик пен қағаз қоқыстарын арнайы бокстарға салады. Әзірге мұндай құрылғылар AlmaU, Халықаралық IT университеті мен Смарт Пойнт коворкинг орталығында орналасқан.

«Қазір ғимарат иелері контейнердегі қоқыстарды қоқыс орындарына алып кету үшін әр контейнерге 2 000 теңге төлейді. Егер біздің арнайы смарт эко-боксты орнататын болса, бұл оларға тиімді болар еді. Себебі, қоқыс шығару үшін ақша төлемейді. Біз оны өзіміз алып кетеміз. Смарт бокстардың ішінде арнайы ұсақтағыш ұстара орнатылады. Түскен қоқысқа майдалап турап тастайды. Сонда жәшікке 15 емес, 35 келі қоқыс сыйып кетеді», – деді Айбек Рахым.

Жас новаторлар Алматының гүлденуі мен тазалығына бағытталған жобасы үшін инвестор іздейтіндерін де жасырмай айтты.

> Қарағанды тұрғындары жұмыс іздеу барысында WhatsApp мобильдік қосымшасын пайдалана алады. Қосымша қаладағы бос жұмыс орындары туралы ақпаратты қолжетімді етеді. Жұмыс іздеушілерге ұсыныстар базасымен танысу үшін үйден шығудың қажеті жоқ. Ал жұмыс берушілер болса, жылдам түрде өздеріне қажетті кадрларды іздеп таба алады. Жұмыс іздеу бойынша WhatsApp мобильдік қосымшасының нөмірі: +7 (775) 644 35 80.

Жауапты редактор:
Мадияр ӘЗИЗҰЛЫ

ҚЫСҚА ҚАЙЫРҒАНДА **ҚАЗАҚСТАНДА ТЕМЕКІ БАҒАСЫ 1 ШІЛДЕДЕН БАСТАП 360 ТЕҢГЕ БОЛСА, 2019 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНДА 380 ТЕҢГЕГЕ ДЕЙІН КӨТЕРІЛЕДІ**

ПОСТКЕҢЕСТІК
КЕҢІСТІК
КЕҢЕС ОДАҒЫНАН КЕЙІНГІ ӨМІР
Айбол Қарашевпен

Ұсыныс-пікіріңіз болса, хабарласыңыз: РЕДАКЦИЯ +7 (727) 293-86-73 qazaq1913@nur.kz ЖУРНАЛИСТ +7 (705) 396 22 22 aibolmen@mail.ru

АРКТИКАҒА ТАЛАС

АРКТИКАНЫҢ ҮШТЕН БІРІНЕ ИЕЛІК ЕТЕТІН РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ МҰНАЙ МЕН ГАЗ ҚОРЫНА БАЙ АЙМАҚТЫ НЕГЕ ӨЗІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МҮДДЕСІНЕ ПАЙДАЛАНА АЛМАЙДЫ?

Арктика – мұнай мен табиғи газдың қоры көп аймақ. АҚШ-тың Ұлттық геологиялық қызметінің (USGS) есептеуінше, Еуразия және Солтүстік Америка құрлықтарының солтүстік шетін, Солтүстік Мұзды мұхитты аралдарымен қоса түгел қамтитын жер шарының солтүстік полюс аймағында шамамен 90 млрд баррель мұнай бар. Салыстырмалы түрде айтар болсақ, әлемде жыл сайын 584 млн баррель мұнай өндіріледі (British Petroleum мәліметі). Демек, «қара алтынға» сұраныс қазіргідей болса, Арктикадағы мұнай қоры 154 жылға жетеді. Бірақ, ондағы жағдай біз ойлағаннан да күрделі. Біріншіден, мәңгілік мұз астында жатқан аймақтан дәмелі елдер көп. Екіншіден, арктикалық мұнай мен газ өндіру көлемін арттыру экологиялық апатқа, яғни мұздың еруіне, ауа райының жылынуына алып келеді. Ғасырдан астам тарихы бар «Qazaq» газеті бүгін Арктикаға дәмелі елдерге тоқталады.

Мәңгілік мұз астында жатқан Арктикаға таластың басталғанына біраз жыл болды. Мәселе Біріккен Ұлттар Ұйымында (БҰҰ) талай талқыланды, талқыланып та жүр. Көп елдің көкейін тескен нәрсе – ондағы мұз астында жатқан қыруар байлық.

Айталық, Ресей Федерациясы иелік еткісі келетін аймақта 5 млрд тонна көмірсутектік отын қоры бар екен. Иә, бұл қырқысуға болатындай байлық. Талай ел одан үлес алғысы келеді. Дегенмен, осы табиғи байлықты игеру әзірге заңдастырылмаған.

БҰҰ-ның 1982 жылы қабылданған Теңіз құқығы жөніндегі конвенциясы бойынша, теңіздік шекарасы бар мемлекеттер өз жағалауынан 200 мильдік аймақты экономикалық мүддесіне пайдаланады. Сол жағалау шельфтермен жалғасар болса, ол 350 мильге дейін созылуы мүмкін.

Рас, Арктиканы бөлісуге қатысты айтылатын уәж көп. Кейбір елдер өздерінің жағалауларынан сол Солтүстік полюске дейінгі жерге иелік еткісі келеді. Бұл мұз құрсанған аймақты ашқан кім, алғашқы жолды салған кім – соның да үлесі болсын дейтіндер және бар. Оған қатысы жоқ елдер болса, адам (көп) мекендемейтін сол өңір жалпы адамзатқа ортақ болғанын жөн санайды. Дегенмен, Арктикаға қазір қай елдер құқылы? Енді соған тоқталайық.

Солтүстік Мұзды мұхитқа тіреліп жатқан Ресей Федерациясының арктикалық секторы аса ауқымды, барлық Арктиканың жартысына жуығын қамтиды. Онсыз да әлемдегі жер көлемі ең үлкен солтүстіктегі көршіміз мұхиттың біраз табанын қосып алар болса, бұл шексіз байлыққа кенеледі. Оған ресми Мәскеудің өз дәлелі бар. Сол теңіз табанын континенталдық жерінің жалғасы санайды.

Жер аумағы кішкентай болғанымен, арктикалық секторы үлкен ел – Дания. Оның Гренландия автономиясы арктикалық сектордың үлкен бөлігін құрайды.

Солтүстік Америка құрлығында орналасқан Канаданың да Арктикадан үлесі үлкен. Соны алға тартқан Оттава 2002 жылы Мәскеумен коалиция құрып, Солтүстік полюстің мәртебесін белгілемек болды.

Аляска штаты арқылы арктикалық секторы аздау болғанымен, АҚШ-тың беделі де үлкен. Онымен санаспай мәселе шешілмейді.

Норвегияның ішектей созылып жатқан жері де оған біраз үлес алып береді. Демек, табиғи қоры бай аймақтан Ослоның да дәмесі зор.

Таласқа арктикалық секторы бар елдер ғана емес, сол аймаққа жақын жатқан Бельгия, Ұлыбритания, Германия, Финляндия, Швеция сияқты бірнеше еуропалық елдер де таласады.

Сәл алыстау жатқаны болмаса, Исландия түзу сызықпен Солтүстік полюске тіреледі.

Швеция Солтүстік теңіз жолын 1878 жылы өздерінің Норденшельд экспедициясы ашқанын алға тартады және Арктикалық кеңес құрамына да кіреді. Ал Финляндия 1939-1940 жылғы соғыста Кеңес Одағы өздерінің Петсамо портын (кеңестік Печенга қаласы) тартып алғанын айтады.

Германия, Ұлыбритания сияқты алып елдер, басқаларға олжа үлестіріп жатқанда, өздерінің құр қалғанын намыс көреді.

Қызық болғанда, географиялық тұрғыдан Арктикаға мүлдем қатысы жоқ Қытайдың өзі соңғы жылдары аталған аймаққа көз тікті.

Канада, Дания, Норвегия сияқты елдердің мүддесін АҚШ қорғаса, дауға келгенде Ресей Федерациясы ешкімге есесін жібере қоймас. Сарапшылардың пайымдауынша, Арктика туралы әңгіме алдағы уақытта әлемдік тартыстың арқауына айналады.

Арктика – өте суық, табиғаты қатал және адамның өмір сүруіне қолайсыз аймақ. Ауыл шаруашылығымен айналысу мүмкін емес. Кез келген мемлекет үшін ол жақта жол, үй салу және байланыс желісін жүргізу өте қымбатқа түседі. Дегенмен, барлық Арктиканың басым бөлігіне ие Ресей Федерациясы жолдар, үйлер салып, байланыс желісін жүргізіп жатыр. Не үшін? Енді сол сұраққа жауап беріп көрелік.

2007 жылы Ресей Арктикадағы су астына, атап айтқанда, 4 200 метр тереңдікке сүңгуір құрылғы түсіріп, теңіз түбіне титан жалау орнатты. Бұдан Мәскеудің Арктикаға қаншалықты мән беретіні байқалады. Ал, Кремльдің баяндауынша, Арктика таяу жылдары өмірлік маңызы бар аймаққа айналады.

Арктика қойнауында ресейлік мұнай қорының төрттен бір бөлігі және табиғи газ қорының жартысы бар. Сондықтан Арктиканы игеруге Мәскеу қыруар қаржыны аямайды.

Ресейдің ең ұзын шекарасы да Арктикада. Оның үстіне әскери-теңіз флотының Арктика арқылы бірден мұхитқа шығу мүмкіндігі зор.

Солтүстік мұхит жолы – Азия мен Еуропаның ортасын қосатын ең қысқа су жолы. Соны жақсы түсінген Кремль өзінің ескі порттарын жандандыруға, жаңаларын салуға кірісті.

2013 жылы РФ Үкіметі «Ресей Федерациясының Арктика бөлігінің даму стратегиясы және 2020 жылға дейін ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету» құжатын қабылдады. Мемлекет стратегиясының 5 жылға жуық уақыт іске асуының нәтижесінде қазір Арктиканың дамуы жүйелі жолға қойылды.

Қазіргі кезде Ресей Федерациясы Арктиканың үштен біріне иелік етуде. Дегенмен, жоғарыда айтқанымыздай, БҰҰ-ның 1982 жылы қабылданған Теңіз құқығы жөніндегі конвенциясы бойынша барлық арктикалық аймақты өзінің экономикалық мүддесіне пайдалана алмайды. Мәселен, Ломоносов жотасы орналасқан жерде 5 миллиард тонна көмірсутегі бар. Оны өндіру құқығына ие болу үшін Кремль 15 жылдан артық уақыт күресіп келеді. Арктика суасты қайраңдарындағы шекарасын кеңейтуді сұраған Ресей БҰҰ-на екі мәрте өтініш тастағанымен, көрші елдің бұл өтініші геологиялық мәліметтердің жеткіліксіздігінен қанағаттандырылмады. Мәскеу биылғы жылы жазда тағы бір мәрте бағын сынап көрді. Бірақ, ол қадамы да сәтсіз болды.

Солтүстік теңіз жолы Ресей Федерациясы үшін Жібек жолымен пара-пар. Жыл сайын құрлықтар арасында жүктерін Солтүстік Мұзды мұхит арқылы тасуға ниеттілер көбейіп келеді. Бұл жолдың жандануы жаңа жұмыс орнын ашып қана қоймайды, сонымен қатар, жергілікті тұрғындардың тұрмыс деңгейін жақсартады.

Рас, арктикалық Ресейде демографиялық жағдай өте күрделі. Соңғы бес жылда бұл жерден 130 мың адам басқа жаққа қоныс аударған. Өйткені, климаты қатал, азық-түлік пен коммуналдық төлемдер ақысы қымбат аймақта тұрғысы келетіндердің қатары аз. Ал туристер бұл жерде таңды қарсы алып, осы жердің асханасынан дәм тату үшін күніне 100 мыңнан артық рубль төлеуге әзір көрінеді.

Соңғы кездері «Арктиканы бағындыру – әлемді бағындыру» екені жиі айтыла бастады. Ал, мәңгілік мұз құрсауындағы аймаққа қай елдердің мүдделі екенін жоғарыда атадық. Өйткені, мұз құрсауында тек көмірсутегі ғана емес, басқа да пайдалы қазбалар бар. Демек, Ресей Федерациясы (Мурманск, Архангельск, Түмен облыстары, Красноярск өлкесі, Саха Республикасы, Магадан облысының солтүстік аудандары), Канада (Юкон, Солтүстік-батыс Квебек, Ньюфаундленд аумақтары), АҚШ (Аляска түбегінің (штатының) солтүстігі), Дания (Гренландия аралы), Норвегия (Шпицберген аралы) сынды жер шарының солтүстік полюс аймағымен шектесетін елдер мен географиялық тұрғыдан мүлдем қатысы жоқ Германия, Ұлыбритания, Франция, Швеция, Қытайдың Арктика үшін күресіп жатқандарын түсінуге болады. Дегенмен, әлемдік қауымдастық алдымен Арктиканың экологиясына алаңдауы керек.

2007 жылы БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі жөніндегі сарапшылар тобы ендігі ғасырда Арктикадағы климаттық өзгерістің басқа аймақтарға әсері болжанғаннан әлдеқайда асып түсетінін ескерткен болатын. Пессимистік болжам он жыл өтпей жатып-ақ шындыққа айналды. Климаттың өзгеруі басқа аймақтарға қарағанда Арктикаға қатты әсер етті. Ағаштар тізбегі біртіндеп солтүстікке жылжып, бұталар мен шөптер тундраны басып барады. «Мәңгілік» деп аталатын мұздықтар еріп, жер де көгере бастапты. Ақ аюдың, морж бен солтүстік бұғылардың кей түрлері азайғаны да байқалады.

Норвегия Полярлық институтының халықаралық мәселелер жөніндегі директоры Ким Холмен: «Арктика дүниенің басқа бөліктерімен салыстырғанда, ең бірінші болып әрі ең үлкен ауқыммен шапшаң еріп жатыр», – деп түсіндіреді.

Климаттық болжамдар бойынша, 2040 жылға қарай жазғы уақытта Солтүстік полюске кемелер ашық су жолдары арқылы емін-еркін жүзіп жете алады. Жалпы, 1979 жылы жерсеріктерінің көмегімен бақылау жүргізіле бастағалы бері Арктика мұз көлемінің жартысынан көбін жоғалтыпты. Мұздықтардың жалпы аумағы азайып, жұқарған екен.

Мәңгілік мұз құрсауындағы аймаққа мүдделі елдердің мұнай мен газды өндіруге деген құлшынысы Арктика экологиясын одан сайын күрделендіріп, ондағы мұздардың еру процесін жылдамдатады. Өйткені, мұз ерісе, әлемдік мұхит деңгейі көтеріліп, мұхит жағасындағы мемлекеттер су астында қалады әрі тұщы су қоры таусылады.

Көктемде Арктика тағы да экологияны қорғаушылардың назарына ілікті. БҰҰ-ның Халықаралық теңіз ұйымы өзінің 72-ші отырысында (9-13 сәуір) Солтүстік Мұзды мұхитта ауыр жанармаймен жүретін кемелердің жүзуіне тыйым салу жөнінде бастама көтерді. Бастаманы Германия, Нидерланды, Жаңа Зеландия, Финляндия, Швеция және Арктикаға тікелей қатысы бар АҚШ, Норвегия, Исландия қолдады. Бұл бастамаға «Таза Арктика» экологиялық ұйымы да қосылды. Аталған шектеу 2021 жылдан бастап күшіне енуі мүмкін. Ал, бұл шектеу мазутпен жүретін Ресей секілді елдердің су жолдарының дамуын баяулатады.

«Таза Арктика» экологиялық ұйымының аға кеңесшісі Шаан Прайордың айтуынша, Арктика мұздарына қауіп төндірмес үшін жүк тасымалдау көлемін азайту керек. Солтүстік Мұзды мұхитта ауыр жанармаймен жүретін кемелердің жүзуіне тыйым салу бастамасын қолдаған елдер былтырғы жылғы кеңесте қалдық отынды пайдалануды азайтуға сөз берген. Және сөздерінде тұрған. Енді Арктика кеңесінің мүше елдері мазуттың орнын басатын отын іздеуге кіріскі. Ал, Арктиканы Қытаймен бірге игеруге құлшына кіріскен Ресей Федерациясы енді қайтпек?

Көрші елдің өкілдері бұған Мәскеудің ешқандай қарсылығы жоқ екенін алға тартады. Мұнай мен газды өндіруді тоқтатпайтынын ашық айтқан Кремль мазуттың орнына дизель мен сұйытылған табиғи газды қолданатынын жеткізді. Осы отын түрлеріне арналған кеме құрастыруды жоспарлап отыр. Бірақ, экологтардың пікірінше, Мәскеу ұсынып отырған бұл отын түрлері де Арктика экологиясына зиян келтіреді.

Қалдық жанармайы барлық кемелердің 80 пайызында, ал Арктика кемелерінің 75 пайызында қолданылады. Кемелердің басым бөлігі Ресейге тиесілі. Ал, Кремль оларды 2021 жылға дейін толықтай жаңалай алмайтынын айтып, Халықаралық теңіз ұйымының бұл шешімімен келіспей отыр.

«Біз экологияға қарсы емеспіз, бірақ бұл мәселені үш жылда шеше алмаймыз» – деп мәлімдеді РФ Көлік министрі Виталий Клюев.

Бұл мәселе Канадаға да жақсы таныс. Канаданың Арктикаға тиесілі бөлігінде тұратын халыққа ресурс мазутпен жүретін кемелер арқылы жеткізіледі. Сондықтан Оттава бұл салынған тыйымға жауап ретінде мазутты алмастыратын технологиялар жайында толығырақ білгілері келетінін жеткізді. Демек, Оттава мен Мәскеу үшін экологиядан бұрын экономикасы маңызды болып тұр.

Расында да, қазіргідей нарық заманында экологияны ойлап жатқан елдер аз. Халықаралық теңіз ұйымының 72-ші отырысында кейбір елдердің сыры белгілі болды. Солтүстік Мұзды мұхиттың мұзы жаппай ерісе, алдымен Арктикамен шектесетін сол Ресей мен Канаданың жері су түбіне кетеді. Дегенмен, қазіргі уақытта мұнымен бас қатырып жатқан Мәскеу мен Оттава көрінбейді.

Халықаралық теңіз ұйымының бастамасын экономикасына орасан зор шығын келетініне қарамастан Батыс және Скандинавия елдері қолдады. Өйткені, аталған елдерде бұл мәселенің (экологияның) маңыздылығына күмәнданған кез келген саясаткердің мансабымен қоштасуына тура келеді.

Әдеттегідей, ресейлік сарапшылар Халықаралық теңіз ұйымының бастамасынан саяси астар іздейді. Мәселен, «Морстройтехнология» өкілі Александр Головизнин: «Халықаралық теңіз ұйымының саясатын «жеті рет өлшеп, бір рет кесілген» шешім ретінде қарастыру қиын. Біріншіден, тек қана Арктика талқылауға түсті. Екіншіден, кеме отынының қалдықтары құрлық көліктерінің қалдықтарымен салыстырғанда түк те емес. Ұйымның экологиялық көлік түріне бағытталған ұстанымы тиімсіз», – дейді.

Иә, экологиядан бұрын экономикаға баса маңыз берілген барлық саясаттың қате екенін уақыт дәлелдеп келеді. Алысқа бармай-ақ, бұған мысал ретінде өзіміздің Арал тағдырын айтсақ та жетеді. Мүмкін Арал теңізінің тартылуы тек Орта Азия елдерінің экологиясына әсер еткен болар, ал Арктикадағы мұздардың еруі жалпы адамзатқа қауіп төндіреді. Сондықтан да, Ресей болсын, Канада болсын, бұл мәселеге бейжай қарауға құқықтары жоқ.

> 2007 жылы БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі жөніндегі сарапшылар тобы ендігі ғасырда Арктикадағы климаттық өзгерістің басқа аймақтарға әсері болжанғаннан әлдеқайда асып түсетінін ескерткен болатын. Пессимистік болжам он жыл өтпей жатып-ақ шындыққа айналды. Климаттың өзгеруі басқа аймақтарға қарағанда Арктикаға қатты әсер етті. «Мәңгілік» деп аталатын мұздықтар еріп, жер де көгере бастапты. Ақ аюдың, морж бен солтүстік бұғылардың кей түрлері азайғаны да байқалады. Климаттық болжамдар бойынша, 2040 жылға қарай жазғы уақытта Солтүстік полюске кемелер ашық су жолдары арқылы емін-еркін жүзіп жете алады. Жалпы, 1979 жылы жерсеріктерінің көмегімен бақылау жүргізіле бастағалы бері Арктика мұз көлемінің жартысынан көбін жоғалтыпты. Мұздықтардың жалпы аумағы азайып, жұқарған екен. Мәңгілік мұз құрсауындағы аймаққа мүдделі елдердің мұнай мен газды өндіруге деген құлшынысы Арктика экологиясын одан сайын күрделендіріп, ондағы мұздардың еру процесін жылдамдатады. Өйткені, мұз ерісе, әлемдік мұхит деңгейі көтеріліп, мұхит жағасындағы мемлекеттер су астында қалады әрі тұщы су қоры таусылады. Ал, Солтүстік Мұзды мұхиттың мұзы жаппай ерісе, алдымен Арктикамен шектесетін Ресей мен Канаданың жері су түбіне кетеді. Дегенмен, қазіргі уақытта мұнымен бас қатырып жатқан Мәскеу мен Оттава көрінбейді...

Тобықтай түйін

Жобалап есептегеннің өзінде, Арктика қойнауында әлемдік газ қорының 30 пайызы, мұнай қорының 13 пайызы бар екен. Бұған мыс, титан, темір, алмаз, алтынды және қосыңыз! Ал, Арктиканың бұл кен байлығына көз тіккен ондаған елдің барын ескерсек, болашақта Арктика шиеленіс ошағы, экологиялық апат аймағы немесе табысты өлке – осы үшеуінің біріне айналуы мүмкін...

ҚЫСҚА ҚАЙЫРҒАНДА **ЕУРОПАДАҒЫ ЕҢ БИІК ҒИМАРАТ САНАЛАТЫН САНКТ-ПЕТЕРБУРГТЕГІ (РЕСЕЙ) 87 ҚАБАТТЫ «ЛАХТА-ЦЕНТРДІҢ» БИІКТІГІ 462,7 МЕТРДІ ҚҰРАЙДЫ**

Ұсыныс-пікіріңіз болса, хабарласыңыз: РЕДАКЦИЯ +7 (727) 293-86-73 qazaq1913@nur.kz ЖУРНАЛИСТ +7 (778) 463 99 32 aliya_inkarbek@mail.ru

«Хан қызы» ұсынған жасау

БІЗДІҢ АНЫҚТАМА

«Хан қызы» дүкені
Кәсіпкер: Жанаргүл Байбурақызы
Мекенжайы: Алматы қаласы, Жолдасбеков көшесі, 9 А, «Еуразия» сауда үйі
Жұмыс кестесі: 10:00 – 19:00, дүйсенбі – сенбі
Орташа есеп: 50 000 теңге (тауар санына қарай)
Байланыс телефоны: +7 (702) 327 77 75

Қызын өмірінің қызғалдағына балаған қазақ халқы қызы дүние есігін аша салысымен болашағына бағдар жасаған. Ал, қыз жасауы қыз балаға деген сүйіспеншіліктен, құрметтен пайда болса керек. Бұл күнде қыз жасауын әзірлеу де заманауи формаға енді. Ғасырдан астам тарихы бар «Qazaq» газеті бүгін өз оқырмандарын қыз жасауын әзірлейтін «Хан қызы» дүкенімен таныстырып, бала кезінен ісмерлікке жақын болған бизнесвуменнің он сегіз жылғы кәсіпкерлік жолымен бірге жүріп өтеді.

Ұзатылған қызға берілетін дүние-мүлік – жасау. «Жасауды алты жастан жинасаң асады, жеті жастан жинасаң жетеді», – деген халқымыз қыздың жасауына ерте қамданған. Сан ғасырлар бойы небір жақсы жиһаздар, сәукеле, кілем, текемет, ыдыс-аяқ, төсек-орын, киім-кешек, әшекейлі бұйымдар қыздарға берілетін болған. Жасауды қыздың еншісі деуге де болады.

Қыз жасауы – ұзатылатын қыз үшін өткір мәселе. Өйткені, бұл – атадан балаға жалғасқан ұлы дәстүр. «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» десек те, бұл дәстүр ешқашан тозбайтынына сенімдіміз. Себебі, әу бастан киіз үйде өмір сүрген ата-бабаларымыз ұлы үйленгенде енші беріп, бөлек шығарған. Сөйтіп, жаңа киіз үйде жаңа отбасының шырағы жағылған.

Ақ отау үлкен үйдің оң жағынан тігілген. Отауды «оңаша үй» деп те атаған. Ұзатылып жатқан қыз жаңа қоныстарын керек-жарақпен жабдықтау мақсатында отауға күнделікті өмірге қажетті заттарын арқалай келген. Ұлдың ата-анасының міндеті енші беру болса, қыздың ата-анасының міндеті қыз жасауын беру болған. Бүгінде бұл дәстүр азғантай өзгеріске ұшырады. Барлық ата-ана ұлына жаңа пәтер әперіп, бөлек шығаратындай мүмкіндікке ие емес. Соған қарамастан қыз жасауының түгел болуы талап етіледі.

Ертеде бір дәулетті кісі қызын ұядан ұшырарда оның ыдыс-аяғын түгелдей алтыннан жасатыпты. Алайда, итаяғына келгенде алтын таусылып қалған көрінеді. «Итаяғым алтыннан емес» деп жылаған қызына әкесі қатты налып, «тас бол!» деген екен. Содан әке қарғысы қабыл болып, ұзатылып бара жатқан қалыңдық жасауымен бірге тасқа айналып кетіпті. Қарт Қаратаудағы Келіншектау атауының шығу тегі осындай екенін айтады көнекөз қариялар. Ел арасындағы бұл аңыз әрбір қыз баланың өз жасауына разы болуы тиіс екенін білдірсе керек. Алайда, бүгінгі нарықтық заманда қыз жасауы өзгеріп, түрленіп барады. Әрбір қалыңдық өзінің соңғы үлгідегі дүниелермен ұзатылуын армандайды.

Енді қыз жасауының қандай дүниелерден тұратынына тоқталмақпыз. Қыз жасауына берілетін дүние мүліктерге төсек-орын, киім-кешек және ыдыс-аяқ жатады. Осылардың ішінде төсек-орын жабдықтарының маңызы зор. Себебі, көрпе мен көрпешелердің әрқайсысын баппен жасап, санымен түгендеу керек.

Ертеректе анасы ұзатылатын қызына арнап екі кісілік құс төсек әзірлейтін болған. Қазіргі кезде оны жатын орын жиһазы алмастырды. Екі кісіге арналып тігілген қалың көрпе де қыздың төсек орнында міндетті түрде болуы тиіс. Босағасынан мейманы арылмайтын қазақтың отауында төр көрпелердің алар орны ерекше. Қыз жасауындағы төр көрпелердің саны тақ болады. Әдетте отау үйдің қажеттілігіне орай 3, 5, 7 немесе 9 төр көрпе әзірленеді.

Барлық қыздардың жасауы бірдей бола бермейді. Десек те, жасаудың «жетім қыздың жүгіндей» жұпыны болмауын ескерген жөн. Тіпті, осыған қатысты қазақта «Жасау бағасы» деп аталатын дәстүр бар. Яғни, дәстүр бойынша құдалар жағы қалыңдықтың дүниесіне өз бағаларын беретін болған. Оларға қыздың ата-анасы жоралғы жасап, тәттілер немесе кішігірім сыйлықтар таратады. Жүк жинаған күйеу жігіттің жеңгелері де тарту-таралғыдан құралақан қалмаған екен. Осы дәстүрді ескерсек, қызына жасау дайындау қазақ танымындағы ең игі істердің бірі екенін ұғыну қиын емес.

Қазіргі заманның ағымына қарай жасау дайындаудың сипаты өзгерді. Ал бұрындары жоғарыда айтқанымыздай, жасау дайындығын қыздың кішкене кезінен бастап, оған әке-шешесімен бірге туған-туыстары да өз үлестерін қоса отырып, кем-кетігін толықтырған.

Сонымен қатар, жасау дайындауға қыздың өзін де кірістіріп, ісмерлікке тәрбиелеген екен. Жасауды апарар алдында ауыл болып жиналып, сыннан өткізіп, тыңғылықты дайындық жасаған халқымыз қыздың жасауы ағайын-туыстың береке-бірлігі және әр үйдің мал-дәулетіне, хал-ахуалына байланысты әртүрлі мөлшерде болатынын да ескерген. Әрбір ана жасауға арнайы тіккен көрпелерін қосады және сол көрпелердегі ою-өрнек арқылы өзінің сүйікті қызына жүрегінің бір бөлшегін бөліп бергендей еңбектенеді. Сонымен қатар, қолдың көрпесі жылылығымен, ішіне салған салмасының жылжымай қапсырылып тігілуімен, ұзақ уақытқа жарамдылығымен бағаланады.

Сонымен, «Жасау көрсету» – қыз ата-анасының «алғанды ғана біліп, бергенді білмейтін дүние қоңыз, сарң емеспіз, қызымыздан еш нәрсемізді аямаймыз» деп ақ жүрегін құдалар алдына жайып салуы. Бұл салт адамдар, әсіресе, құда-құдағилар арасындағы татулық пен береке-бірлікті, достық-сүйіспеншілікті арттырады. Заман талабына қарай бұл дәстүрде, яғни, қыз жасауына жатқызылатын дүниелер де өзгеріске ұшырағаны анық. Бүгінде қыздың жасауына оюлы, сырылған көрпелерді арнайы тапсырыспен тіккізеді.

Бүгінгі кейіпкеріміз Жанаргүл Байбурақызы қыз жасауын дайындаумен айналысады. Ол қалыңдықтың жасауына қажетті барлық мүлікті әзірлеп, оны жеке кәсіп көзіне айналдырған. Қазақстанның бірнеше қаласында «Хан қызы» атауымен дүкендер ашып, тапсырыстар қабылдайды.

Жанаргүл алғаш құрақ көрпе жасап, көрпе-жастықты кестелеп, әрлеп тіге бастағанында қыз жасауын жасаумен айналысамын деп мүлде ойламағанын айтады. Өзі жақсы көретін іспен айналысуды жөн көрген кейіпкеріміз бала кезінен ісмерлікке жақын боп өседі. «Ана көрген тон пішер» дегендей, Жанаргүлдің анасы тігін шебері екен. Жастайынан көріп өскен тігін өнерін ол өмір жолына арқау етті. Хоббидің нағыз мамандыққа әрі кәсіпке айналуы осы болса керек. Анасының шағын кәсібін жалғастырмақ болған кейіпкеріміз алдына мақсат қойған және бұл күні сол мақсатының нысанасына дөп тигізген мерген кәсіпкер.

Бастапқыда ермек ретінде тек қызығушылықпен бастаған өнері бүгінгі таңда өз тұтынушыларын тауып, бағаланып отырғандығы көңіл қуантады. Кәсіпке бейімің болса, еңбекке құлшынысың болса, барлығын үйренуге болатынына тағы да бір көз жеткіздік.

Кейіпкеріміз «Хан қызы» атауымен бренд қалыптастырды. Ол – бүгінгі таңда қыздың жасауын заманға сай дайындайтын бірден-бір дүкен деуге әбден болады. «Хан қызы» брендінің негізгі идеясы – жалпы қыздың жасауын толығымен әзірлеп, қазақтың әрбір аруын ханның қызындай ұзату ғана емес, сан ғасырдан аман жеткен салт-дәстүрді сақтай отырып, оны келешек ұрпаққа таныстыру.

«Хан қызы» дүкендер желісін қолға алу Жанаргүл Байбурақызының талай жылғы арманы. «Хан қызы» қыз жасауын дайындауда көрпелер мен көрпешелердегі түстер үйлесімін, тігісінің сапалы болуын ескереді. Әр көрпе тауар белгісімен брендтелген қалпында тұтынушыға ұсынылады.

«Біздің дүркіреген сауда үйлерінде арнайы қыз жасауына арналған қазақы нақыштағы дүкендер жоқтың қасы. Тек қыз жасауына ғана емес, әр жанұяға қажетті тауарларды қосып дүкен аштық. Алғашқы қазақша дүкен деп айтсам да болады, бізден кейін қаншама бізге ұқсас дүкендер сап құрды. Көрпе, жастық тігіп, қазақша бөлмелер жасау сәнге айналды. Мен үшін бұл үлкен жетістік», – дейді Жанаргүл ханым сырын жасырмай.

Расында да, «Хан қызы» өнімдері қыз жасауындағы төсек-орын мен ыдыс-аяқты, сонымен бірге, жиһаздарды түстеріне қарай үйлестіріп, талғамы жоғары тұтынушыға ерекше тарту жасайды.

Қыз жасауына тапсырыс берген кезде кейде толықтай жасауды өтінсе, кейде бөлшектеп те сатып алуға болады. Махаббат көрпесі, жамбас көрпе, оюлы құрақтар көздің жауын алады. Әрқайсысы махаббатпен, шын көңілмен тігілгені көрініп-ақ тұр.

Кейіпкеріміздің мамандығы негізінен педагог-психолог. Мамандығымен жұмыс істемеген ол бизнес саласында өзіне ұнайтын істермен айналысып келеді. Дегенмен, қыз жасауын дайындау барысында кейіпкерімізге негізгі мамандығы көп әсерін тигізетін секілді. Себебі, құрақ көрпе тігу кезінде көңіліндегі ерекше дүниелерді ойлап тауып, шабыттанатыны да сондықтан болар.

Жанаргүл Байбурақызының кәсіпкерлік формуласы, жетістікке жету кілті – кез келген істі махаббатпен қолға алу, жан әлемін лайлатпау. Ал Абай Құнанбайұлының: «Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, білімің мен еңбегің екі жақтап», – деген ұлағатты сөзін өмірлік ұстанымына айналдырған кейіпкеріміз бес нәрсеге асық, бес нәрседен қашық болуды да ойынан шығарған емес. Ол әрдайым бастаған ісін аяқтайтын және өнімді нәтижеге қол жеткізуді қалайтын болмыс иесі.

Бизнесвумен алдағы жоспарымен де бөлісті. Барлығы уақыттың ырқында, болашақтың еншісінде деп есептейтін ол қазақты қазақ еткен салт-дәстүріміздің, әдет-ғұрпымыздың өркендеуіне әлі де атсалысатынын жасырмады.

«Хан қызы» дүкендері бүгінде Астана, Алматы, Шымкент, Ақтау, Қарағанды қалаларында ашылған. Дүкендегі табиғи өнімдер еңбекті ақтап, жақсы нәтижеге қол жеткізуге жол ашуда. Алдағы 5 жылдың көлемінде әлемдік аренадан көріну кейіпкеріміздің басты мақсатының біріне айналған.

«Мұхаммед пайғамбарымыз айтқандай, істің ең қайырлысы – сауда жасау. Тек сауданы адал жасау керек. Өнімінді ұсынып, халыққа қызмет етудің өзі зор жауапкершілікті талап етеді. Бір қарағанда оңай көрінгенімен, табысқа жету өте қиын. Сондықтан, бизнесті қолға алған соң табысқа жету үшін өзіндік ұстанымдарың болуы керек. Қазіргі дамыған заманда Instagram, Facebook, Twitter секілді әлеуметтік желілер арқылы ақпарат тез таралатындықтан сапалы өнімдерімізді сол жерде насихаттап жатырмыз. Тұтынушыларымыздың алғысы шексіз. Бұл мен үшін шын бақыт», – дейді.

Айтпақшы, әр аруды ханның қызындай ұзатуға тырысатын «Хан қызы» өнімдері кішігірім цехта тігіледі. Көрпелерге қажетті маталар мен жүннің сапасы жоғары деңгейде болуын қадағалайтын кәсіпкер адал еңбекпен ғана нәтижеге қол жеткізуге болатынын жақсы біледі. Жанаргүл Байбурақызы шағын цехында оннан астам адамды жұмыспен қамтып отыр. Кәсіпкер баламен үйде отырған жас келіншектер, зейнеттегі әжелер, жұмыссыз жүрген қыздарға да қосымша тапсырыс беріп, тәжірибе алмасатындығын жасырмады. Яғни, «Хан қызы» өнімдері – күндіз-түні көз майын тауысып тіккен ісмерлердің қолынан шығатын туындылар!

Тобықтай түйін

Қыз жасауын заманауи заман талабына сай талғаммен жасауға көмектесетін брендке айналып үлгерген «Хан қызы» өнімдеріне сұраныс көп. Кәсібін өмірінің бөлшегіне айналдырған, анасының тәлімін ұлықтаған Жанаргүл Байбурақызының мыңдаған қазақ қызының қуанышына ортақ болып жүргені қуантады.

27 ЖАСҚА ТОЛҒАННАН КЕЙІН ӘСКЕРИ БИЛЕТТІ ҚАЛАЙ АЛАДЫ?

27 жасқа дейін Отан алдындағы борышын өтемеген қазақстандықтар әскери билет алуы үшін қажетті құжаттарды жинап, жергілікті әскери басқару органына баруы керек.

КЕРЕК ҚҰЖАТТАР:

1. Мекенжай анықтамасы;
2. Сотталмағаны туралы анықтама;
3. Жоғары оқу орнын аяқтаған кезде берілген диплом және оның нотариус бекіткен көшірмесі;
4. Жеке куәлігіңіздің үш көшірмесі (біреуі нотариус-пен бекітілген);
5. Неке, баланың куәлігі және олардың көшірмесі;
6. 3х4 көлеміндегі екі сурет;
7. Әскери тіркеу туралы куәлік (куәлік жоғалтқан жағдайда тұрғылықты жері бойынша ХҚКО-ға барып, тіркеу куәлігінің көшірмесін алу керек);
8. Амбулаториялық карта.

МЕДИЦИНАЛЫҚ ТАЛДАУ ТІЗІМІ:

1. Несеп талдауы;
2. Қанның толық талдамасы және микрореакция;
3. ЭКГ;
4. Флюорография.

АНЫҚТАМАЛАР:

1. Психикалық саулық орталығынан;
2. Наркологиялық диспансерден;
3. Туберкулезге қарсы диспансерден;
4. Тері-венерологиялық диспансерден.

Құжаттарды өткізгеннен кейін істі қорғаныс ісі бойынша аудандық басқарма басшысы қарауға алады. Егер әскери міндеттерді орындамағанына ешқандай себеп болмаса, айыппұл салынады. Ол Әкімшілік құқықбұзушылықтары туралы кодекске сәйкес 5 АЕК-ке (12 025 теңге) дейінгі мөлшерде болады.

ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТТЕН КІМДЕР БОСАТЫЛАДЫ?

– Қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік органдарда жұмыс істейтін азаматтар;
– Мемлекеттік, азаматтық және тәжірибелік авиацияның авиация персоналы;
– Егін және жинау жұмыстары кезінде ауыл шаруашылық техникасын жөндеу ұйымдарында және ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін азаматтар;
– Оқу жылы кезінде күндізгі оқыту нысанындағы білім беру ұйымдарының педагогика қызметкерлері;
– Күндізгі оқу бөлімінде оқитындар;
– Әскери міндетті әйелдер;
– 18 жасқа толмаған 3 және одан да көп балалары бар азаматтар;
– Алдын ала тергеудегі немесе сот қылмыстық ісін қарап жатқан адамдар;
– Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттары немесе жергілікті өкілдік органдар сайлаған әскери міндеттілер.
– Сотталған азаматтар.

Осыдан кейін медициналық комиссиядан өту керек. Дәрігерлер денсаулығының әскери қызметке қаншалықты жарамды екенін анықтайды. Ары қарай құжаттардың сәйкестігін тексереді.

Айыппұлды төлегеннен кейін жиналған құжаттарды ХҚКО-ға өткізу керек. Сондай-ақ, аймақтық қорғаныс істері басқармасына құжат өткізуге, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтыру мен медициналық комиссиядан өтуге екі сағаттай уақыт кетеді. Ал, ХҚКО әскери билетті 28 жұмыс күнінен кейін береді. Оны алған соң аймақтық қорғаныс істері басқармасына барып, жалпы әскери тіркеуге тұру керек. Оның атына тіркеу карточкасы ашылып, оған барлық мәлімет жазылады. Соңында әскери тіркеуге тұрғаны туралы мөр басылады.

ҚЫСҚА ҚАЙЫРҒАНДА **ФУТБОЛДАН 23-ШІ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ 2026 ЖЫЛЫ ҮШ ЕЛДІҢ (АҚШ, КАНАДА ЖӘНЕ МЕКСИКА) 16 ҚАЛАСЫНДА ӨТЕТІН БОЛДЫ**

АСТАНАҒА КӨГІЛДІР ОТЫН ҚАШАН КЕЛЕДІ?

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа арнаған үндеуі жарияланғанына көп уақыт бола қойған жоқ. Әйтсе де, осы бастама аясында елімізде бірнеше маңызды жобалар қолға алынды, қарқынды жұмыстар жүргізіле бастады. Тұрғындарды баспанамен қамтамасыз ету, жалақысы төмен жұмысшыларға салықтық жеңілдіктер жасау, жастардың білім алуы және олардың жатақханалардағы жағдайын жақсарту, кәсіпкерлерге шағын несиелер беруді көбейту бағытындағы бастамаларда бүгінде оң нәтиже бар. Осы үндеудегі бесінші бастама елді газбен қамтамасыз етуді жалғастыру болатын.



Жалпы елімізде жүргізіліп жатқан газдандыру жұмыстары нәтижесінде тауарлық газды тұтыну көлемі соңғы сегіз жылда 53 пайызға дейін көтерілген екен. Мәселен, 2010 жылдары елімізде тауарлық газды тұтыну көлемі 9 млрд текше метрді құраса, бүгінде бұл көрсеткіш – 13,8 млрд текше метр.

Қазіргі уақытта елімізде 1 320 елдімекен көгілдір отынмен қамтылған. Мемлекет басшысының бес әлеуметтік бастамасы негізінде қолға алынған «Сарыарқа» сияқты ірі магистралды газ құбыры іске қосылғанда бұл көрсеткіш белсенді түрде арта түсетіні анық.

Елбасымыз атап өткендей, тәуелсіздік алған жылдардан бері елімізде тұрғындардың 50 пайызға жуығы газбен қамтамасыз етілді. Алайда еліміздің орталық және солтүстік өңірлері әлі күнге көгілдір отынның қызығына кенеле алмай отыр. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында Елбасы Қараөзек (Қызылорда облысы) – Жезқазған – Қарағанды – Теміртау – Астана газ құбырын салу жобасын ұсынғаны белгілі. Бүгінде бұл жоба бойынша біраз жұмыс атқарылды. Атап айтқанда, «Сарыарқа» магистралды газ құбырының жобасы жасалып, биылғы 28 тамызда «Мемлекеттік сараптама» РМК-ның оң қорытындысын алды.

Жоба өзінің ауқымдылығына байланысты үш кезеңге бөлінген. Бірінші кезеңде Қызылорда облысындағы Қараөзек кен орнынан басталатын газ құбыры Жезқазған, Қарағанды, Теміртау арқылы Астанаға жеткізіледі. Екінші кезеңде Астанадан Көкшетауға тартылса, үшінші кезеңде Көкшетау – Петропавл газ құбыры іске қосылмақшы. Былайша айтқанда, осы жоба арқылы Ақмола, Қарағанды облыстары мен Астана қаласын газбен қамту мәселесі шешілетін болады.

Қазіргі уақытта бірінші кезең бойынша нақты жұмыстар жүргізілуде. Осы қараша-желтоқсан айларында «Сарыарқа» магистралды газ құбырының құрылыс-монтаж жұмыстары қолға алынады. Бірінші кезеңнің құрылысын аяқтау мерзімі, яғни Астанаға газ құбырын жеткізу 2019 жылдың желтоқсанына жоспарланып отыр. Ұзындығы мың шақырымнан асатын

Қызылорда – Астана учаскесіндегі газ құбырын салуға жоспар бойынша 267,3 млрд теңге қарастырылған. Жаңа магистралды желі қолданыстағы «Бейнеу – Бозой – Шымкент» газ құбырына қосылады. Оның техникалық параметрлері де нақтыланған. Құрылыс кезеңінде 800-ге жуық жаңа жұмыс орны құрылатыны да еліміздегі әлеуметтік жағдайдың жақсара түсуіне оң әсерін тигізетіні сөзсіз.

«Сарыарқа» магистралды газ құбырының осы бірінші кезеңі іске қосылғанда маршрут бойындағы 171 елдімекен көгілдір отынға қол жеткізеді. Ал магистралды газ құбыры толық пайдалануға берілгенде 2,7 млн адам газ отынының қызығын көреді. Бұл өз кезегінде біраз өңірдегі экологияны сауықтыра түсетіні анық. Әсіресе, Астанадағы зиянды қалдықтардың ауаға таралуы алты есеге немесе жылына 35 тоннаға азаяды. Мұны Елбасымыз да ерекше маңыз беріп, атап көрсеткен болатын.

Сонымен, 2019 жылдың желтоқсан айында Астанаға газ жеткізілгенде оны қала ішіне бөліп тарату жұмыстары да бірден басталып кетуі керек. Ол үшін Астана қаласы әкімдігі газ бөлу желілерін салу үшін жобалық-сметалық құжаттарын қазірдің өзінде дайындап қойды. «Астана қаласын газдандыру» техникалық-экономикалық негіздемесі «Мемлекеттік сараптама» РМК-на жіберілген, жоспар бойынша осы қараша айында аталған мекеме өзінің қорытындысын шығаруы тиіс.

Елорданың ішіне газ бөліп тарату жұмыстары да үш кезеңге жоспарланды. Бірінші кезеңде жалпы саны тоғыз кешен газбен қамтылады. Атап айтқанда, алдымен 1, 2 және 3 жылыту қазандықтары көгілдір отынға қосылады. Бұдан соң «Көктал-1», «Көктал-2» тұрғын үй алаптарына газ тарту желілері, келесі кезекте «Железнодорожный» тұрғын үй алабы, «Оңтүстік Шығыс» тұрғын үй алабындағы газ тарту желілерімен сұйық отан тұрғындарға жеткізіле бастайды. Осылайша, 2021 жылға дейін бірінші кезеңнің жұмыстары толық аяқталуы тиіс. Бұл жұмыстарға 25,1 млрд теңге қаралған.

2021 – 2023 жылдар аралығында екінші және үшінші кезеңнің жұмыстары атқарылады. Бұған тартылатын қаржы көздерін жергілікті бюджет, республикалық бюджет, сондай-ақ жеке инвестициялар тарту есебінен құрау жоспарланған. Екінші кезеңдегі газ тарату желілері іске қосылғанда, Мичурино, Интернациональный, Күйгенжар, Тельман, Пригородный, Garden Village және Family Village тұрғын алаптары көгілдір отынды пайдалануға көшеді. Осы ретпен таяудағы санаулы жыл ішінде Астана толықтай газбен қамтылатын болады.

Тобықтай түйін

Астана – күн санап жоғары қарқынмен дамып келе жатқан ірі мегаполис. Астанада әлемдік деңгейдегі экономикалық форумдар, халықаралық маңызды мәдени шаралар жиі өткізіліп, жаһандық күрделі саяси мәселелер де талқыланып отырады. Соның нәтижесінде Астана бүгінде әлем назарындағы ірі экономикалық, мәдени, саяси орталыққа айналды. Санаулы жылдар ішінде осындай қарқынмен өркендеп, дүниежүзіне айбынды Елорда ретінде танылған Астанамызды әрбір қазақстандық орынды мақтан тұтады. Енді көгілдір отынды кеңінен пайдалануға көшетін Елорда таяу уақытта жер бетіне экологиялық таза қала ретінде танылары сөзсіз.

Сапар АХМЕТОВ,
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты

АУЫЛ КӘСІПКЕРІНЕ ҚОМАҚТЫ КӨМЕК

Елбасының бес әлеуметтік бастамасына арналған үндеуінде атап көрсетілгеніндей, өзін-өзі еңбекпен қамтыған және жұмыссыз тұрғындар арасында жаппай кәсіпкерлікті дамыту үшін атқарылып жатқан жұмыстардың аясында шағын несие беру неғұрлым тиімді тетік саналады. Сондықтан да, Мемлекет басшысы биыл осы салаға қосымша 20 миллиард теңге бөліп, шағын несиелердің жалпы сомасын 62 миллиард теңгеге жеткізуді міндеттеді. Демек, шағын несиені кеңейту жөніндегі төртінші әлеуметтік бастамасы аясында облыс бойынша жүздеген адамға несие алып, жаңа кәсібін ашуына мүмкіндік беріледі деген сөз.

«Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» акционерлік қоғамы – «ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ құрамына кіретін мамандандырылған қаржы-несиелік ұйымы болғандықтан ауылдық жерлердегі шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің өркендеп, қанатын кеңге жаюына елеулі ықпалын тигізіп келеді. Ауыл кәсіпкерлерінің арзан несиеге қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында аталған қор арқылы жылдық мөлшерлемесі 7% жеңілдетілген несие беру үшін бюджеттен жыл сайын қаражат бөліп тұрады.

«Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы» аясында былтыр облыс бойынша 119 адам 432,2 млн теңгенің несиесін алуға қолы жетті. Ал, «Ауылдық жерлердегі шағын және орта бизнесті несиелендіру» бағдарламасы бойынша 87 адамға 395 млн теңгенің қаражаты бөлінді. Осы уақыт аралығында 380 адамның 1,5 млрд. теңгеге жуық несие алуына мүмкіндік жасалды.

Елбасы тапсырмасына сәйкес соңғы қарыз алушыға несие қаражатын тезірек жеткізу үшін осы жылдың соңына дейін алдында бөлінген қаражат бойынша үшжақты несиелік шарттарға қол қою және дереу шағын несие беру жүзеге асырылады. Халықты шағын несиемен көбірек қамту үшін қала мен ауылдарда несие беру лимитін сараланған түрде қарастыру көзделіп отыр.

Жеңілдік берілген шағын несие 5 жылға дейінгі, мал шаруашылығы саласындағы жобалар және ауыл шаруашылығы кооперативтерін құру үшін шағын несие 7 жылға дейінгі мерзімге берілмекші. Сыйақының жылдық тиімді мөлшері 6 пайыздан аспайды. Жалпы ұсынылып отырған тетіктерді іске асыру үшін бағдарламаға, сонымен қатар, ауылдық елді мекендер мен қалаларда шағын несие беру жөніндегі қағидаларға өзгерістер енгізілетін болады.

Аталған қор ауылдағы ағайынның өздерінің жаңа кәсіптерін ашуға, жобаларды қаржыландыруға, айналым қаражатын алуға және тағы басқа кәсіпкерлік мақсаттарды жүзеге асыруға әрқашан дайын.

Гүлзада ШАЛАҒҰЛОВА, «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ Атырау филиалының директоры

Бүгінде балалар үйінде сан мыңдаған бала өмір сүруде. Ал биылғы жылдың үш айының ішінде кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына 1 688 бала түскен. ҚР Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің сайтында жазылған ақпарат бойынша, жағдайы нашар отбасында туған балалар дұрыс тәрбие алмайды. Биологиялық ата-аналарымен бірге тұрған кездерінде балалар өте қорқынышты өмір сүреді. Көбіне оларды ұрып-соғады, тамақ бермейді, тіпті сексуалдық зорлық жасайды. Ішімдік ішіп, есірткі тұтынатын ата-аналардың кесірінен жыл сайын мыңдаған бала кәмелетке толмаған балаларды бейімдеу орталығына түседі. Біраз уақыт бала өз әке-шешесін күтеді, өзін алып кететініне сеніп жүреді. Одан кейін біреуі балалар үйіне, біреуі сәбилер үйіне, біреуі арнайы мектепке кетсе, кейбірі өз отбасына қайта оралады.

Нұрбек ОРШУБЕКОВ, *ҚР Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы:*

«Соңғы бес жылда Қазақстанда жетімдер саны 40 пайызға азайды»

Былтыр кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына 7 539 бала түскен. Олардың көбі, яғни 6 306 (83,6 пайыз) қорғансыз балалар, 937-сі ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, 207-сі ерекше туылған балаларға арналған мекемелерге жолданған, 89 бала қиын жағдайда қалған. Бұл балалардың бәрінің дерлік тағдыры шешілді. 6274 бала отбасына қайтарылды. 578 бала жетімдер үйінде жаңа өмірін бастады. 124 бала қамқорлыққа алынды, оның ішінде патронатқа жатқаны – 21, арнайы мектепке жолданғаны – 132, кәмелетке толмаған балаларды бейімдеу орталығына кеткендер – 41, басқа елдердегі кәмелетке толмаған балаларды бейімдеу орталығына кеткені – 13.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы Нұрбек Оршубеков соңғы бес жылда Қазақстанда жетімдер саны 40 пайызға азайғанын айтады.

«2017 жылдан бастап балаларды тәрбиелеуші үйге және қонақ үй отбасыларына беру туралы мәселе заңнамалық деңгейде реттелді. Отбасы құрылымының осындай формаларына мемлекет материалдық тұрғыда кепілдік береді. Соңғы жылдары балалар үйінде тәрбиеленушілер саны мен жетімдер үйі азайып келеді. Соңғы бес жылда жетім балаларға арналған ұйымдардағы балалар саны 40 пайызға, яғни 10 мыңнан 6 мыңға азайған. Сондай-ақ, 4,5 мың бала өз ата-анасына қайтарылды», – дейді Нұрбек Оршубеков.

Комитет төрағасының айтуынша, Қазақстанда жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған 50 мекеме жабылған.

Айта кетейік, осыдан бір жыл бұрын елімізде бала асырап алу тәртібіне өзгеріс енгізілген еді. Яғни, бұдан былай жетім бала отбасын өзі таңдауы тиіс. Үкімет осы арқылы ата-ананың қамқорлығынсыз қалған ұл-қыздардың құқығын қорғауды қолға алды.

Жансая ШЫҢҒЫСХАНҚЫЗЫ,
«Qazaq» газетінің Астанадағы меншікті тілшісі

ҚЫСҚА ҚАЙЫРҒАНДА **АЛДАҒЫ ЖЕЛТОҚСАН АЙЫНДА ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ҚОСЫМША 4 КҮН, ЯҒНИ БАРЛЫҒЫН ҚОСҚАНДА БІР АЙДА 13 КҮН ДЕМАЛАДЫ**

Бала құқығы мәселесі – ел саясатының маңызды бөлігі екені сөзсіз. Балалардың өмірі мен денсаулығына назар аударып отыру да осы тұрғыдан келгенде жауапты міндет. Қазақстан тәуелсіздік алған алғашқы қадамынан-ақ бала құқықтары туралы әлемдік конвенцияға ерекше мән беріп келеді. Бұл халықаралық келелі құжаттың елімізде жүйелі жүргізілуі жөніндегі Жарлыққа Мемлекет басшысы 1994 жылы қол қойған еді. Президент өзінің бағдарламалық сөздерінде бала құқығын қорғау ісіне, жетім және ата-анасының қарауынсыз қалғандардың құқықтарын қорғауға мән беріп, басым шараларды нақтылап берді. Әсіресе, балалар үйінде тәрбиеленушілер санын мүмкіндігінше қысқарту, ондағы жұмысты тиімді ұйымдастыру жөнінде де нақты тапсырмалар жүктеді. Жалпы, Қазақстанда балалар құқығы қалай қорғалып жатқандығы төңірегінде ҚР Жоғарғы Соты Сот төрелігі академиясының проректоры Назиля Раззақты ашық әңгімеге тартқан едік.

Назиля РАЗЗАҚ, *ҚР Жоғарғы Соты Сот төрелігі академиясының проректоры:*

«Қазақстанның негізгі әлеуметтік міндеті – бала құқығының қорғалуын толық қамтамасыз ету»

– Балалардың түрлі қылмыстық әрекеттердің құрбанына айналуы жиіледі. Бұл жағдайдың статистикасы жылдан жылға артып бара жатыр. Осы мәселені зерделеп көрдіңіз бе? Балаларға қарсы қылмыс кімдердің тарапынан көп жасалады? Неліктен күнәдан пәк, жазықсыз балалар зорлық-зомбылықтың нысанына айналып отыр?

– Біздің мемлекеттің негізгі әлеуметтік міндеті – балаларды қылмыстық әрекеттер мен қатыгез қарым-қатынастан қорғау, баланың құқығы мен бостандығының қорғалуын толық қамтамасыз ету деп білеміз. Осыдан келіп бұл мәселені шешу үшін не істеу керек деген сұрақ туады. Меніңше, бұл ретте бұрын да айтып жүргенімдей, бізге әлеуметтік қызметкерлер, жасөспірімдер органдары, психологтардың және ата-аналар мен қамқоршылардың өзара байланысын жолға қоятын нақты тетік керек. Балаларға қауіп үйден тысқары жерлерде деген қайшылықты пікірлер бар. Шын мәнінде жағдай мүлде басқаша. Балаға зорлық жасалғаны үшін жақындары жауапты болу керек. Өйткені, үйде де бала физикалық, жыныстық, психологиялық және экономикалық зорлыққа ұшырауы мүмкін. Мәселен, соңғы мәліметтерге сенсек, балаларға қатысты жыныстық зорлық оқиғаларының тек 10-20 пайызы ғана бейтаныс адамдар қолымен жасалады, ал 40 пайызында өзінің жақындары кінәлі. Қалғандары таныстығы аз, ата-аналардың достары, қамқоршылар, көршілер тарапынан жасалатынын көрсетіп отыр.

– Балаларға қарсы қылмыстың зардабы жайлы заңгер, әйел-ана ретінде не айтасыз? «Қатыгездік қатыгездікті тудырады» демекші, мұндай жағдайдың жасөспірімдер психологиясына кері әсер ететіні анық қой.

– Балаға жасалған зорлықтың бір сәттік және ұзаққа созылған зардаптары болады. Мәселен, олар есейген шағында психологиялық ауруға шалдығуы мүмкін. Оның негізгі белгілері ретінде күйзеліске жиі ұшырау, беймазалық, ас қорыту жүйесінің бұзылуы, өзіне көңілі толмау, ұйқының бұзылуын атауға болады. Қатыгездік қандай түрде болса да, баланың психологиясына, дамуына кері әсер етеді. Көбіне ұрып-соғып жазалау, ауыр сөздермен ұрсу тәрбиенің әдісіне айналған немесе жылулық, мейірімі жоқ, әке-шешесі маскүнем отбасылардағы балалардың физикалық, жүйке жүйесінің дамуында ауытқушылық белгілері байқалып жатады. Мемлекет бұл жағдайларды болдырмаудың барлық мүмкіндігін жасап отыр. Мысалы, 2016 жылдан бастап бұрынғы балалар құқығының уәкілі Зағипа Балиеваның жетекшілігімен «111» сенім телефоны қызмет көрсете бастады. Оған еліміздің кез келген түкпірінен тәулік бойына балалар ақпараттық, психологиялық көмек алып, ересектер тарапынан төнген қауіп жайлы хабар береді.

– Балаларға қарсы қылмысқа тосқауыл қою үшін не істеу керек деп ойлайсыз? Елімізде балалар құқығын қорғау қаншалықты жолға қойылған?

– Әрбір бала зорлықтан азат өмір сүруге құқылы. 2015 жылы Біріккен ұлттар ұйымының балаларға қатысты зорлық мәселелері бойынша арнаулы өкілі балаларға берілген дүниежүзілік кеңестің нәтижесін жариялады. Онда балаларды зорлықтан қорғау мәселесі өзінің маңыздылығы жағынан білім беруден кейінгі екінші басымдыққа ие екені көрсетілді. Қазақстан балаларды зорлықтан қорғаудың халықаралық құқық негізінде дәйектелген міндетін мойнына алған. Балалар құқығы туралы Біріккен ұлттар ұйымының конвенциясы балаларды зорлықтан, соның ішінде барлық физикалық және психологиялық қысымнан, жәбірлеу немесе асыра сілтеуден қорғап, қамқорлықтан тыс қалуының алдын алып, дөрекі қарым-қатынастан, еңбегін пайдалану, жыныстық қатынасқа тартудан азат болуын қамтамасыз етуді көздейді. Адамдыққа жат, қадір-қасиетті төмендететін азаптаулардың барлық түріне тыйым салатын Адам құқығын қорғау туралы еуропалық конвенция ересектермен қатар балалар құқығын қорғауда да қолданылады. Адам құқығы туралы еуропалық соттың балалар зорлығына қатысты құқықтық тәжірибесінде мемлекеттің балаларды зорлықтан қорғау туралы міндеті нақты айқындалған.

– Елімізде кәмелетке толмағандар ісін қарайтын ювеналдық соттардың құрылғаны белгілі. Оның тиімділігі қалай болып отыр? Мамандандырылған соттың құзыретіне қатысты шешімін күткен мәселелер бар ма?

– Бүгінгі таңда республикада 19 кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі мамандандырылған сот бар. Үш тармақты юрисдикция балаларға қатысты отбасылық және балаларды қорғау істерін (азаматтық позиция), ата-аналар немесе басқа ересектер тарапынан балаларға қатысты немесе балалар жасаған әкімшілік құқықбұзушылықты, ауыр қылмыстарды немесе мамандандырылған ауданаралық әскери соттың қарауына түскен істерден өзге қылмыстарды қамтитын және балаларға қатысты ересектер жасаған бірқатар қылмысқа қатысты материаларды қарайды. Өткен жылдарға жасалған қорытынды ювениалдық сот жұмысының тиімді болғанын көрсетіп отыр. Ең алдымен ювеналды сот төрелігі – балаларға достық пейілдегі құрылым. Бұл оның басты ерекшелігі. Сот мәжілістері, процеске қатысатындардың орналасуы жалпы юрисдикция соттарынан өзгеше жабдықталып, процестер жанға жайлы тыныш ахуалда өтеді. Онда тіпті теміртор да болмайды. Сот шешімі баланың барлық мүдделерін қорғауға ықпал етуі керек. Осы мақсатта судья кәмелетке толмаған баламен сенімді, еркін әңгімелесіп, оның өмір сүру жағдайын, тәрбиесін, өзі мен ата-анасының болмысындағы ерекшеліктерді анықтайды. Сот процесіне білікті психологтың қатысып, баланың мүдделеріне, істің мәнісіне сай дәлелді қорытынды беруі соттың дұрыс шешім қабылдауына зор көмек көрсетеді. Соңғы үш жылда жазаларды тағайындау тәжірибесіне жасалған талдау ювеналдық соттар тарапынан сотталған жасөспірімдер санының үш есе азайғанын көрсеткен. Әрбір екінші іс өндіріспен, соның ішінде, бітімгерлік амалмен қысқартылды. Жыл сайын мәмілегерлік тәртіппен аяқталған істер қатары өсіп келеді.

– Жалпы ювеналдық соттың мақсаты шолжаң жасөспірімді жазаламай, оны қайта тәрбиелеу ғой. Ол сонда қалай жүзеге асырылады?

– Иә, жасөспірімдердің энергиясы көп, сондықтан олар қолы бос болған кезде сол күш-қуатын қайда жұмсарын білмей, қылмыс жасауы мүмкін. Осы ретте жаңа жылдан бастап бізде жаңа Әкімшілік кодекс күшіне енгенін атап өткім келеді. Ол кодекс бойынша өз балаларын 23:00-ден кейін көшеге жіберетін ата-аналарға шаралар қолданылады. Менің ойымша, ол шаралар қазіргіге қарағанда қатаң болуы тиіс. Біз осы жағдайды дер кезінде қолға алсақ, көптеген құқықбұзушылықтар мен қылмыстың жолын кесер едік. Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқықтық кодексінің 442-бабына сәйкес кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінсіз тұрғынжайдан тыс жерде сағат 23-тен таңғы 6-ға дейін болуына байланысты ескерту беріледі. Бірақ, сол жағдай екінші рет қайталанатын болса, баланың ата-анасына айыппұл салынады. Жалпы, шолжаң жасөспірімнің қайта-қайта құзырлы органдарға келіп белгіленгенінен пайда бар деп ойламаймын. Себебі, бұл балаға шынымен көмек керек, әрі оның ата-анасымен немесе заңды қамқоршысымен де нақты жұмыс жүргізу керек. Ювеналдық сот өз міндетін тиісті деңгейде орындамайтын ата-аналарға жеке анықтама шығарып, құзырлы органдарға оларды бақылауға алуды тапсырады. Сонымен қатар, қажеттілік туындаған жағдайда ата-ана құқығынан айыру жөнінде талап қоюы мүмкін. Себебі, өз міндеттерін орындамайтын, әлеуметтік тұрғыдан әлсіз болып табылатын ата-аналардың ең алдымен өздерін тәрбиелеп, тиісті шаралар қолдану қажет.

– Бірнеше рет қылмыс жасайтын балалар баршылық. Ювеналдық сот мұндай балалармен қалай жұмыс істейді?

– Ювеналдық сотта әр жасөспірімге жеке бағдарлама жасалады. Мысалы, бізге үшінші рет келіп түскен жасөспірім бар, ол үшінші рет сотталушы орындығында отырды. Бірінші рет біз оны ұрлық жасағаны үшін 3 жылға соттадық. Онымен дербес жұмыс жүргізген кезде бала ақшаға мұқтаж болғандықтан осындай қылмысқа барғандығын айтты. Екінші рет ол тағы да бізге ұрлық жасағаны үшін түсіп, бұл жолы шартты жаза берілді. Жалпы бала ішімдікке құмар әкесі мен атасының қолында тұратындықтан отбасында дұрыс тәрбие алмаған. Тексеру барысында әкесі мас болған және жұмыста жүрген кезінде атасының оны зорлағаны мәлім болды. Осы жағдай бұл баланың қылмысқа баруына алып келген. 10 жасында иттер мен мысықтарды өлтіріп, жасөспірім кезінде зейнеткерлерді ұстап, қылғындырып ақшасын тартып алып, үтікпен терілерін күйдіріпті. Біз оның жасына қарап, түзелуіне сендік. Бірақ, сотқа үшінші рет түскеннен кейін оны бас бостандығынан айырып, жазасын өтеуге жібердік. Негізі осындай жағдайлардың туындау себебін әлеуметтік қызметкерлер анықтап, психологтармен бірге жан-жақты жұмыс жүргізуі қажет. Сонда көптеген балалардың тағдырына араша түскен болар едік.

– Тұрмыстық зорлық-зомбылық, әйел-анаға қарсы жасалатын қылмыс та бала психологиясына аяусыз соққы. Бұған қалай тосқауыл қоюға болады? Оларды құқықтық қорғау мәселесі қалай жүзеге асуы керек?

– Үйдегі зорлық-зомбылық отбасылық кикілжің емес, бұл көбіне басқа адамды бақылап, оның үстінен билік жүргізуді мақсат еткен қылмыс болып табылады. Үйдегі зорлық моральдық-психологиялық, жыныстық, экономикалық және физикалық түрде жүзеге асырылады. Зорлық тұрғылықты жері және қай ұлтқа жататындығына қарамастан барлық отбасында болады. Онда әлеуметтік шекара жоқ, ол барлық әлеуметтік топта жасалады. Бүгінде Қазақстандағы әрбір онныншы отбасында зорлық әртүрлі формада көрініс табуда. Тұрмыстық сипаттағы қылмыстардың жартысы ұзаққа созылған отбасылық кикілжіндердің салдары екені анықталып отыр. Өзіне қорлық көрсеткен жандарға балалар көбінесе тәуелді болады. Өйткені, азаптаушы деп отырғанымыз заң бойынша балаларын қорғап, қамқорлық жасауға тиіс ата-аналардың өздері болып шығады. Елімізде көптеген балалар өз ата-анасынан қорғанып, үйінен кетіп қалады. Статистика бойынша, әсіресе, 6-7 жастағы балалар ата-аналары тарапынан қатыгездік көруде. Жыл сайын ювеналды сотта жасөспірімді тәрбиелеуге қатысты өз міндетін орындамаған немесе оған қатыгездік жасаған ондаған ата-ана мен қамқоршы жауапқа тартылады. Мұндай келеңсіздікке тосқауыл қою үшін тек қана заңды қатайту жеткіліксіз. Бұл ретте алдымен отбасындағы тәрбиені дұрыстау керек.

– Елімізде отбасылық сот құрылмақшы. Осы жаңа институт туралы Сіздің пікіріңіз қандай?

– Биылғы Отбасы күні қарсаңында Жоғарғы Сотта «Қазіргі замандағы сот төрелігі жүйесіндегі отбасылық сот» деген тақырыпта дөңгелек үстел өткізіп, онда Жоғарғы Сот төрағасы Жакып Асанов отбасылық соттың ерекше білім мен дағдыны қажет ететін күрделі тетік екенін атап көрсетті. Расында отбасылық дауларды шешу барысында судья ата-ана және балалармен жұмыс істейтіндіктен, ерекше тәжірибені игеру керек. Сонымен қатар, оған психологтар, тартысты реттеушілер, бітімгерлер тағы басқа мамандар тартылғаны дұрыс болады. Отбасылық сотты құру отбасындағы балалар мен мен ата-аналардың құқығына қатысты мәселелерді болдырмау үшін қабылданған заманауи шешім. Мұндай қадамнан тек жағымды нәтиже күтеміз. Бұл серпінді жобаны жүзеге асыру үшін отбасылық неке қарым-қатынастары барысында туындайтын дауларды қарауға мамандандырылған судьяларды оқыту қажеттігі туындайды. Өйткені, отбасы және балалармен жұмыс істеу ерекше әдісті қажет етеді. Бүгінгі таңда Жоғарғы Сот жанындағы Сот төрелігі Академиясының оқу бағдарламасына отбасылық кикілжіңді шешу, психология, отбасылық педагогиканың негіздері, жұбайларды татуластыру әдістері, неке бұзылған жағдайда отбасы мүшелерін сотта қорғау сынды өзекті тақырыптарды қосу мәселелерін қарастырып жатыр.

– Бала құқығы жайлы әңгіме қозғалған кезде жетім, әке-шешесі тастап кеткен балаларды асырап алу мәселесін айналып өту мүмкін емес. Бүгінде осы шараның күрделілігі салдарынан көптеген баланың ата-ана қамқорлығында болып, отбасында тәрбиелену мүмкіндігі шектеліп жатқаны шындық. Осы мәселеге қатысты не айтасыз?

– Қазіргі таңда қоғамда ата-ана қамқорлығынан тыс қалған балаларды тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлініп отыр. Бұл ретте баланы асырап алу мәселесі өте өзекті болуда. Бұған қатысты мәселелерді шешуде жауапты және дербес әдіс керек. Қоғамда өздерінің биологиялық балалары бола тұра бала асырап алуға құлшыныс өсуде. Туыстар арасында, отбасылар ішінде бала асырап алу өте көп. Мәселен, қазақтың дәстүрі бойынша ата мен әже бала асырап алады. Алғаш рет бала асырап алу, сонымен қатар шетелдіктің Қазақстаннан бала асырап алуының тәртібі «Неке және отбасы» кодексінде айқындалған. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жетім балалар құқығын қорғау саласындағы басым бағыт – отбасылық тәрбие тәжірибесін кеңейту. Осындай саясаттың арқасында 2009-2017 жылдары жетім балалар саны 60 пайызға азайды. Яғни, олардың саны 15 116 адамнан 6 223 адамға кеміді. Сонымен қоса, балалар үйінің саны 213-тен 137-ге төмендеді. Бүгінде олардың 49-ы отбасылық үлгіде жұмыс істейді. 2017 жылдың басынан 22 өкіл отбасылар құрылды. Отбасылық тәрбиенің төрт үлгісі, яғни, бала асырап алу, асыраушылық, қамқоршылық, өкіл отбасы жүйесі заңнамалық тұрғыда бекітіліп, мемлекет тарапынан материалдық тұрғыда ынталандырылған. Жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың республикалық банкісі іске қосылды. Өз отбасына бала қабылдап алғысы келетін азаматтар әміршіл-әкімгерлік жүйенің шырмауына ілінбей, қысқа мерзім ішінде бұл мақсатқа қол жеткізе алады. Тек қана 2017 жылдан бері банк арқылы 394 бала отбасыларға, 2437 бала қамқорлыққа, 219 жеткіншек патронаттық тәрбиеге қабылданды. Бұл тиімді тетіктің болашақта барлық дерлік балаларды отбасыларға орналастыруға мүмкіндік беретіні даусыз. Бала – біздің болашағымыз. Сондықтан, оның тағдырына, тәрбиесіне, денсаулығына қатысты мәселенің ұсақ-түйегі жоқ. Оларға дер кезінде назар аударылып, тиянақты түрде шешілуіне барлық құзырлы орын мүдделі болуы қажет.

– Ашық әңгімеңізге алғыс айтамыз!

Сұхбаттасқан:
Айша ҚҰРМАНҒАЛИ

АГРАРЛЫҚ БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМДЫ РЕФОРМАЛАУ ЖОЛДАРЫ

Алматыда «Ғылымға негізделген агроөнеркәсіп кешенін қалыптастыру» тақырыбында форум болып өтті. Форум алаңында Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың алға қойған міндеттерін жүзеге асыру жолындағы бірлескен қадамдарды талқылау үшін ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары, ҚР Ауылшаруашылық министрлігінің басшылары, ЖОО мен ҒЗИ ғалымдары, жергілікті атқарушы органдар, агрокәсіпорындар, халықаралық ұйымдардың басшылары, ата-аналар, студенттер, магистранттар мен докторанттар бас қосты.

Форумның жұмысын аша отырып, ҚР Премьер-министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылық министрі Өмірзақ Шүкеев бізде ғылымның бар екендігін, оның нақты тәжірибелік қорытындыға жұмыс істей алатындығын атап өтті. Дегенмен, біз оның тиімсіз екендігін мойындауымыз керек. Ғылым бизнестің қажеттілігінен алшақтап кетті. Ғылыми-техникалық жұмыстар нәтижелерінің тек 8%-ы ғана өндіріске енгізілетінін айтты.

Ауылшаруашылық министрлігі бизнес өкілдерімен, ғалымдармен білесе отырып, аграрлық жоғары оқу орындарын Назарбаев Университеті деңгейіндегі университеттерге трансформациялаудың жаңа бағдарламасын енгізіп отыр.

Форум мінберінен сөйлеген сөзінде Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры, ҚР ҰҒА академигі Тілектес Есполов жоғары оқу орнының базасында ғылыми-білім беру франчайзингі трансферті негізінде әлемдік деңгейдегі университет құрылуда екендігін атап өтті. Бұл бағытта шетелдік жетекші жоғары оқу орындарының тәжірибесі зерттеліп, бір-бірін өзара толықтыратын негізгі екі фактор ескерілді. Біріншісі – үкіметтің ұлттық деңгейдегі рөлі және ЖОО мәртебесін арттыруға тартылатын ресурстар. Екіншісі – қажетті өзгеріс процестері және әлемдік деңгейдегі университет құру жолындағы қадамдар. ҚазҰАУ дамудың бірінші жолын таңдады және көптеген жылдар бойы осы бағытта жүйелі түрде жұмыс істеп келеді, оқу орнының 9 халықаралық және ұлттық рейтингтердегі көрсеткіштері осының нәтижесі болып отыр.

ҚазҰАУ өзінің инновациялық даму жолында QS рейтингінің 1-орнында тұрған Вагенинген (Нидерланды) университетінің тәжірибесіне сүйенеді. Бұл университеттің қалыптасу және даму тәжірибесі оқу орнының табысы оның осыдан 20 жыл бұрын құрамына енген 5 ғылыми-зерттеу институттарымен интеграциялануында жатыр. Вагенинген университетінде мамандар дайындығы ғылым арқылы ғылыми-зерттеу институттарында өтеді. Оның дамуындағы барлық мәселелерге мемлекеттен толықтай қолдау көрсетіледі. Вагенинген университетінде MFC жүйесі құрылған, оған университет, кәсіпорындар, үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдар кіреді. Олар бүкіл әлем бойынша 20-дан аса агроинновациялық кластерлер жасап, жүзеге асырған және оған бизнесті де тартып отыр. ҚазҰАУ MFC жүйесіне енген.

Әлемдік озық тәжірибелерді енгізу нәтижесінде 2023 жылға қарай оқыту сапасы артып, ғылыми бағдарламалардың орындалуы өсіп, аграрлық нарықтағы түлектерге деген сұраныс артады.

Франчайзингті енгізудегі шетелдік тәжірибелер тақырыбына халықаралық сарапшы Р.Воогдт тоқталды. Университет магистранты Д.Душниязова өзінің табысқа жету тарихымен бөлісті.

Форумда Парламент Мәжілісінің депутаты М.Теміржанов, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ректоры А.Күрішбаев, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ректоры А.Нәметов, «Қазақ жер шаруашылығы және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС бас директорының м.а. А.Агеенко сөз сөйлеп, салада қордаланып қалған мәселелерді айтты.

Форумды қорытындылай келе «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім орталығы» ҰАҚ Бсқарма Төрағасы Ү.Тәжібаев ғылым мен бизнестің өзара тиімді әрекеттестігін арттыру, білім айналымын жасауға мүмкіндік беретін өңірлік зерттеу орталықтарын құру керектігіне тоқталып өтті.

Форумға қатысушылар осындай пікір алмасулардың саланы сауықтырудағы пайдасы мол екенін атап өтті және аграрлық білім мен ғылымды реформалау тұжырымдамасын қолдады.

ҚазҰАУ Баспасөз қызметі

ҚЫСҚА ҚАЙЫРҒАНДА **«ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ИНФОРМАТИКА САБАҒЫ 2019 ЖЫЛДАН БАСТАП 1-СЫНЫПТАН ОҚЫТЫЛАДЫ**

НЕ? ҚАШАН? ҚАЙДА?

АФИША АФИША АФИША АФИША

29 ҚАРАША. 19:00. РЕСПУБЛИКА САРАЙЫ
«Melomen» тобының «Сүйгенім бол» атты ән кеші
Бағасы: 2 000 – 10 000 теңге

05 ЖЕЛТОҚСАН. 19:30. РЕСПУБЛИКА САРАЙЫ
Қанат Үмбетов «Мазаламаймын» атты ән кешін ұсынады
Бағасы: 3 000 – 10 000 теңге

09 ЖЕЛТОҚСАН. 19:30. РЕСПУБЛИКА САРАЙЫ
Қайрат Нұртастың «Нағыз еркек» шығармашылық кеші
Бағасы: 5 000 – 20 000 теңге

АВТОРЛАР НАЗАРЫНА!

Көлемі 6 беттен (шрифт 14) асатын мақалалар «Qazaq» газетіне қабылданбайтынын ескертеміз!

МЕНШІК ИЕСІ: **«МИРАС ИНФО» БАСПАСЫ**

РЕДАКЦИЯ ЖӘНЕ АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ: **МАХМҰТ НӘЛІБАЕВ**
БАС ДИРЕКТОР: **ШЕКЕРБЕК ТАСАЛИЕВ**
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ДИРЕКТОР: **ҚАЛИ ҚАМБАРОВ**
БАС РЕДАКТОР: **ЖАСҰЛАН МӘУЛЕНҰЛЫ**
БАС РЕДАКТОРДЫҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ: **СИВИ МАХМУДИ**
БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ: **ГҮЛМАРЖАН ҚОСЖАНОВА**
КӨРКЕМДЕУШІ РЕДАКТОР: **АЙНҰР ҚАЙРАТБЕККҚЫЗЫ**
ХАТШЫ-РЕФЕРЕНТ, КОРРЕКТОР: **МАРЖАН ЖАМБАЙ**
БӨЛІМ РЕДАКТОРЛАРЫ: **ЖАНАР ДӘУЛЕТҚЫЗЫ**, **ӘЛИЯ ІҢКӘРБЕК**, **МАДИЯР ӘЗИЗҰЛЫ**
МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР: **СЕРІК ШАЙМАН** – ҚОСТАНАЙ, **АЙБОЛ ҚАРАШЕВ** – ТАРАЗ, **ЖАНСАЯ ШЫҢҒЫСХАН** – АСТАНА
АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ: **ҚОҒАБАЙ СӘРСЕКЕЕВ**, **КЕНЖЕҒАЛИ САҒАДИЕВ**, **СЕРІК ҚИРАБАЕВ**, **САҒЫНДЫҚ САТЫБАЛДИН**, **САЙЛАУ БАЙЗАҚОВ**, **ӘБДІСАҒИТ ТӘТІҒҰЛОВ**, **ХҰСАЙЫН УӘЛИЕВ**, **ГҮЛБАРШЫН СӘРСЕКЕЕВА**, **САҒЫМБАЙ ҚОЗЫБАЕВ**, **ҚАЙРОЛЛА МАМЫТАНҰЛЫ**

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
Алматы қаласы, Әбілхан Қастеев көшесі, № 106 «В» үй

БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕМЕСІ:
+7 (727) **293 86 73**
+7 (747) **952 99 63**
+7 (702) **101 68 40**
qazaq1913@nur.kz
www.qazaq1913.com
@qazaq1913
vk.com/qazaq1913
«Қазақ» газеті

ГАЗЕТ ҚАЙДА ТЕГІН ТАРАТЫЛАДЫ?
Халықаралық Алматы әуежайы – Б. Майлин к-сі, №02
Алматы метрополитенінің барлық бекеттері – «Райымбек батыр», «Жібек жолы», «Алмалы», «Абай», «Байқоңыр», «Мұхтар Әуезов атындағы театры», «Алатау», «Сайран», «Мәскеу»
«Алматы-1» темір жол бекеті, **«Алматы-2» темір жол бекеті** – Станционная к-сі, № 01; Абылай хан даң., № 01
«Сайран» автобекеті – Төле би к-сі, № 294

ГАЗЕТ ҚАЙДА САТЫЛАДЫ?
«Караван», «Kok tengri», «Алты алаш» дүңгіршектері

ГАЗЕТКЕ ҚАЙДАН ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ?
«Қазпошта», «Еуразия пресс», «Эврика пресс» бөлімшелері

ТАРАЛЫМЫ: 21 000 ДАНА **ТАПСЫРЫС: № 1 522/811**

Газет «Алматы-Болашақ» (Алматы, Мұқанов к-сі, 223 «В») **және «Жибек-Полиграф»** (Атырау, Молдағалиев к-сі, 107) **баспаханаларында басылды**

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеліп, есепке қою туралы № **16874-Г** куәлігі 2018 жылдың 31 қаңтарында берілді. |Алғашқы есепке қою № **6897-Г** куәлігі 2006 жылы 07 ақпанда алынды|.
Газет 1913-1918 жылдары Алаш арыстары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтың ұйытқы болуымен жарық көрді.
2006 жылы Қоғабай Сәрсекеевтің бастамасымен № 266 санынан қайта шықты.
Мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасын білдірмейді, авторлардың мақалалары қысқартылып, редакцияланады.
Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына, тіліне жауап бермейді.
Газетте интернет сайттарының фотолары, inform.kz, baq.kz, baribar.kz, tengrinews.kz ақпараттық агенттіктерінің мақалалары мен деректері қолданылды.
Газет әр аптаның жұма күндері жарық көріп, Қазақстан Республикасының барлық аймақтарында жазылым және бөлшек сауда арқылы таралады.

ЖАНСАЯ ШЫҢҒЫСХАНҚЫЗЫ

Жаздың қоңыр кеші. Қазақ әндерін кассетадан тыңдайтын кез. Әжемнің ұнататын әндері кезек-кезегімен әуелеп жатыр. «Алтайдың ар жағынан келген аруды» ұршығын иірген әжем қосыла айтты. Арасында бесікте жатқан бес айлық бауырым Зерені тербетіп қояды. Есті әнге елітіп, есік алдына су шашып мен жүрмін. Бір кезде «Бо-о-о-озторғай, бозторға-а-а-ай» деп әнші енді бастай бергені сол еді, бесікте жатқан сіңілім жылап қоя берді. Әжем екеуміз екі жақтап жұбатсақ та, тербетсек те тоқтар емес. Содан музыканың дауысын бәсеңдеттім. Сонда ғана сәби тына қалды. Көзімнің қиығымен әжеме қарасам, жаулығымен жасын сүртіп отыр екен... Сол кезде ерекше қоңыр дауысымен бесіктегі бала мен есіктегі ананың ет жүрегін елжіретіп, көз жанарын мөлдіреткен әнші – Мейрамбек Беспаев болатын. Бала күнінен бозданың бозторғайындай болған белгілі «МузАРТ» тобының әншісі, күллі қазақтың сүйікті ұлы, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Мейрамбек Әбіләшімұлы бүгінгі «Жәшіктегі жұлдыздың» кейіпкері.

Құс қанат ғұмыр

ҚИЯЛЫН КЕПТЕР ҚАНАТЫНА БАЙЛАҒАН БАЛА

1976 жылдың 7 қарашасында Жамбыл облысының Талас ауданында Беспаевтар әулетінде шекесі торсықтай ұл келгенде ауылда шаттанбаған жан қалмаған көрінеді. Әсіресе, тұңғыш немересін бауырына басқан ата-әжесінің қуанышында шек болмайды. Әжесі сәби Мейрамбекті бесікке бөлеп әлди жырын айтқанда төңірек тегіс әуенмен тербеліп тұрғандай күй кешеді екен. Бала Мейрамбекке әншілік өнер әжесінің бесік жырымен берілсе керек. Бала кезінде футболға қызығып өскен Мейрамбек есейгенде дәрігер болуды армандапты. Алайда, өнерге деген құштарлығы басым түседі.

«Мейрамбек бір жарым жастан асқанда үлкендер бізді қалаға жіберді. Біз де баланы ата-әжесіне ауылда қалдырып, алаңсыз жұмысқа кеттік. Ол кісілердің мықтылығы сонда, Мейрамбекті өз баламыз деп «меншіктеп» алса да, бізді «аға-жеңге» дегізбей, «ата-анаң» деп өсіреді. Мейрамбек алтыға толғанда ауылдан қалаға келді. Өзі томаға-тұйық бала болды. Қақ-соқта шаруасы жоқ, қолынан қаламын тастамай сурет сала беретін. Көбіне төрт түліктің бейнесін қағаз бетіне түсіретін. Бір күні әкесі екеумізге «қойлар шығып кетпеу үшін қораға қамап қойдым» деп қолындағы қағазын көрсетіп, күлдіргені есімізде», – дейді әншінің анасы Жібек Жолдасова.

Әке қашанда балаға сыншы. Өнер иесінің бала кездегі бір ісін әкесі Әбіләшім Беспаев ерлікке санайды: «Мейрамбектің бесінші сыныпта оқитын кезі. «Толчок» деген үлкен базар болды, соған таңғы төртте тұрып, қаншама шақырым жерді шаңдатып жияу баратын. Сондағы барып алатыны – кептер. Оны баптағаны бөлек әңгіме».

Өнерге жақын ұлдарының бетін қақпай, керісінше қолдау көрсеткен ата-анасының Мейрамбектің алғаш сахнадағы сәті де әлі күнге дейін кеше болғандай естерінде.

«Өнерде жүрген достарымыз көп болды. Бір күні үйге бір топ ақындар келді. Оның арасында Аяз Бетпаев та бар. Ән әуелеп, күй шертілді. Бір уақытта бәрі Мейрамбектің әнін тыңдады. «Мына балаларың өнерлі екен, ертеңгі өтетін концертке қатыстырамыз» деп өздерімен алып кетті. Ертесіне үлкен сахнада «Сағындым Кенен атамды» деп ән шырқаған жас балаға көрерменнің қошеметі ерекше болды. Сол кезде әділ қазылар арасында Алтынбек Қоразбаев та отырған екен. Содан бастап баламыздың өнері өрге жүзе бастады», – деп еске алады ата-анасы.

«Кішкентайымнан өнер иелерімен араластым, ел көрдім, жер көрдім. Бір сөзбен айтқанда, балалық шағыма айтар шағымым жоқ, өте қызықты өтті. Ата мен әжемнің еркесі болдым. Олар өз ауыздарынан жырып, бар дәмдісін маған берді. Атам ауылдың имамы еді. Ислам діні туралы көп әңгімелер айтып отырушы еді. Кішкентайымнан діни уағыздар құлағыма сіңісті-тін. Одан бөлек атам адами қасиеттің бәрін бойыма сіңіріп өсірді. Адамның өмірдегі іргетасы сол балалық кезден қаланбай ма, егер іргетасы мықты болса, өмірдегі орны да орнықты болмақ. Ол үшін тәрбиенің алар орны ерекше. Өмірдегі орнымды айқындап алғаным ата-әжемнің тәрбиесінің мықтылығынан болар», – дейді балалық шағына саяхат жасаған әнші.

«ЖЕТІМ БАЛА» ҚАЛАЙ ЖЕТІЛДІ?

Қоңыр дауысты үнімен әр қазақтың жүрегіне жол тапқан Мейрамбек Беспаевты дүйім жұртқа танымал еткен «Бозторғай» әні еді. Жетім баланың зар-мұңын жүрекке жеткізе білген қаршадай баланы жұртшылық «қазақтың Бозторғайы» атап кетті.

Мейрамбек Бесбаевтың орындауындағы «Бозторғай» әнін естіген кезде кез келген жанның жүрегі ауырып, көңіліне кірбің ұялайтыны сөзсіз. Ән авторы Алтынбек Қоразбаев бұл әнді шәкірті Мейрамбекке өзі жаттатып, сахнада алғаш рет айтқызған. Ал мұңға толы әннің сөзін белгілі ақын, атақты «Жар-жар» әніне жаңаша дем берген Әбдірахман Асылбеков жазған.

О баста мәтін 1989 жылы «Қара бала» деген атпен қағазға түскен. Кейін Алтынбек Қоразбаев оны «Бозторғай» деп өзгертеді. Бұл ән алғаш рет ақиық ақын Мұқағалидың ауылы – Қарасаз топырағында шырқалады. Ән жарыққа шыққан бойда ел арасында кеңінен танылып, орындаушысы Мейрамбек бала халықтың көзайымына айналады. Ел аузында «Мейрамбек балалар үйінің тәрбиеленушісі», «Ата-анасы тастап кеткен», «Ол – жетім бала» деген қауесеттер таралады. Басында құндыз бөркі, қолында үкілі домбырасы, көзінде мөлдір мұңы бар қаршадай балаға көбі аяушылықпен қарайды. Өйткені, ол әнді ата-анасы, іні-қарындастары бар бақытты Мейрамбек емес, сол жетімектің өзі болып айтатын. Жетімнің ауыр тағдырын әнге салған Мейрамбектің дауысы әлі күнге дейін ел есінде.

1991 жылы Өзбекәлі Жәнібеков республикалық термешілер байқауын ұйымдастырады. Республика сарайында үш күнге созылған байқауда Мейрамбек Бесбаев «Бозторғай» әнін айтады. Ән көрермендердің ыстық ықыласына бөленгені соншалық әнші үш күн қатарынан «Бозторғай» әнін шырқаған.

Рас, «Бозторғай» әні – өз әншісін тауып, әлеуметтік міндетін атқарған ән. Осы ән елге таралған тұста жетімдер үйіне белгісіз себептермен тасталған балалар саны азайған деседі.

«Бозторғай» әнінен кейін бала Мейрамбектің танымалдылығы артады. Ұстазы Алтынбек Қоразбаевпен бірге қара домбырасын қолына алып, ауыл-ауылды аралап, гастрольдік сапарларға шығады.

«Бала кезде гастрольдік сапар көп болды. Алтынбек аға екеуміз көлікке отырып аламыз да, кез келген ауылға кіріп кетіп, концерт беретінбіз. Қиын-қыстау, елде ақша жоқ замандарда тегін концерт берген кездеріміз болды. Бірақ, сол кездегі көрерменнің өнерге деген сүйіспеншілігі өте ерекше еді. Әсіресе, домбыраға, домбырамен айтылатын ескі әуендерге. Қазір заман өзгерді, тыңдарманның талғамы басқа болып кетті. Сол күндерді кейде сағынамын», – деп еске алады әнші бір сұхбатында.

Таң атса болды, күн батты,
Ұршығын мезгіл зырлатты.
Құс қанат менің ғұмырым
Қанатын тағы бір қақты...

(Мейрамбек Беспаевтың орындауындағы «Құс қанат ғұмыр» әнінен)

БЕСПАЕВ БАҒЫНДЫРҒАН БЕЛЕСТЕР

Тараз қаласындағы «Глинка» атындағы музыкалық мектептің қобыз сыныбын оқып бітірген Мейрамбек Беспаев 1989 жылы Алматы қаласындағы К.Байсейітова атындағы музыкалық мектебіне ауысады. 1994-98 жылдары Т.Жүргенов атындағы өнер академиясының «Актер, драма, кино» факультетінен білім алады. Алғаш кәсіби жолы «Сүйінбай» атындағы филармонияда әнші қызметін атқаруымен басталады. Алматыда оқып жүрген кезінде 15 жастағы Мейрамбек Беспаев Қаныбек Қасымовтың «Қоштасқым келмейді» фильміне түсіп, актерлік қырын ашады.

«Киноға түсуге мектепте оқып жүргенде шақырды. Түскеніме өкінбеймін. Сомдаған рөлім сәтті шықты. Актерлік өнердің қыр-сырына біраз қанықтым. Ол кезде мен 15 жастағы баламын. Ал менің ғашығымның рөлін сомдайтын Назира Бақаева деген актриса менен 3 жас үлкен. Өкінішке қарай, сол кинодан кейін көрген жоқпын. Студент болдық, есейдік. Әркім әртүрлі өзінің өмірлік жолымен кетті», – дейді әнші.

Кино саласында бағын сынап жүрген өнер иесі 2010-2011 жылдары Баян Есентаеваның «Ғашық жүрек-1» және «Ғашық жүрек-2» атты фильмдерінде басты рөлдердің бірін сомдады.

«МУЗАРТ» ҚАЛАЙ ҚҰРЫЛДЫ?

2001 жылы Мейрамбек Бесбаев, Сәкен Майғазиев және Мақсат Базарбаевтың шығармашылық бірлестігі негізінде «МузАРТ» тобы құрылып, қазақ эстрадасына үлкен сілкініс әкелді. Бүгінде үлкен ансамбльге айналған «МузАРТ»-тың мүзбалақтары Қазақ елінің атын алыс-жақын шетелдерде паш етіп жүр.

«Алматыдағы Т. Жүргенов атындағы Өнер академиясының драма және театр бөлімін бітіргенмін. Басында оқуды бітірген соң театр ашсақ деген ой болған. Бірақ, курстастарымның бәрі өз жолымен кетті. Бұл ойымыз жүзеге аспай қалды. Сосын «трио боп ән айтып көрейік» дедік. Үшеуміздің жолымыз түйісті. «Көпшілікке ұнап жатса көрерміз. Ұнамаса қоя салармыз» дегенбіз. Алғашқы бір-екі әнімізден кейін-ақ елдің ықыласы ерекше болды. Содан бергі он жеті жыл аралықтағы өміріміз де, өнеріміз де, барлығы да халықтың көз алдында. Сәкен мен Кенжебекке бауыр басып кеттім. Себебі, екеуі өзімнің отбасымнан да көбірек көз алдымда ғой. Топтың танымал болуы бір ғана адамның арқасында емес. Ол ұжымның бірлесе еңбек етіп, талмай тер төккенінің арқасы. Ансамбліміздегі барлық жігіттердің еңбегін жоғары бағалаймын. Қайсысы ән айтса да барын салып, жанымен айтады. Жеткен жетістіктеріміздің қайсысында болмасын топтағылардың барлығының өзіндік қолтаңбасы бар. Жалғыз жүріп жарығаннан, көппен көрген ұлы той артық емес пе? Бұл жерде ән шырқайтын үшеуміздің ғана емес, ансамбліміздегі ән өңдеушілердің, аспапта ойнайтындардың, басқасында жүрген барлық жігіттердің еткен еңбегі, төккен тері бар», – деген ойымен бөлісті Мейрамбек Беспаев.

Мейрамбекпен бір сахнада, бір топта ұзақ жылдар ән айтып жүрген әнші Сәкен Майғазиев өмірдегі, өнердегі досын көзсіз батырға теңейді: «Мейрамбек сахнада қалай, өмірде де солай. Қазақта «көзсіз батыр» деген теңеу бар, Мейрамбекті көзсіз батыр дер едім. «МузАРТ» вокалды-аспаптық ансамблінің қалыптасуына да бірден-бір себепкер болған – Мейрамбек. Ол тәуекелге бел буатын азаматтардың санатына жатады».

«АУЫРҒАН КЕЗДЕ ӨНЕРГЕ ҚҰЛҚЫМ БОЛМАДЫ»

2008 жылы Құдай берген талантымен, қазақылығымен, одан қалса сымбатымен көптің жүрегін жаулап, ел ықыласына бөленген Мейрамбек Беспаевтың өмірінде қиын кезеңдер басталды. Әнші қатерлі дертке шалдықты. Бір айда 30-35 келі салмақ тастап, адам танымастай арықтап кеткен.

«Ауырған кезде өнерге құлқым да, зауқым да болмады. Тіпті, ән айтқың да келмейді екен. Басында қандай диагноз екенін білген жоқпыз ғой. «Бұдан кейін ән жазамыз ба, жоқ па, бір Құдай біледі» деп, Арман мен Қалқаманға өтініш жасадық. Әлі есімнен кетпейді. Өзім он метр жүрсем, шаршап қаламын. Бір айда 30-35 келі тастап, ішімде бір үрей пайда болды. Бірақ, өз-өзімді қинап, әнді жазуым керек деп, студияға келіп, әнді әрең айтып шыққаным бар», – деп еске алады әнші сол бір қиын кезеңді.

Әнші қатты ауырып, жүдеп қалған кездері ел арасында неше түрлі сыбыс тараған.

«Ол кезде Кәусарға жүкті едім. Мейрамбек арықтай бастады. Елдің бәрі «әйелі тастап кетіпті, сахнаға енді келмейді екен» деп жатты», – деп еске алады Мейрамбектің жары Мархабат Беспаева.

«Сахнаға тек бір Аллаға сыйынып шығамыз ғой. Көздің сұғынан, тілдің уытынан сақтайтын да бір Алла. Сондықтан да Алладан басқа сыйынарым жоқ. Ауырып қалған кезімде де халықтың ықыласын ерекше сезіндім. Қаншама хаттар алдым. Көпшіліктің маған деген ықыласына рахмет! Барған жерімде тілеулес болғандар бар. Бәріне разымын», – дейді әнші.

ШЫН СҮЙГЕНДЕР ҚОСЫЛАДЫ

Талай қыздың арманына айналған қоңыр дауысты әнші 2004 жылы отау құрды. Ол өзінен он жас кіші Мархабат есімді аруға үйленген. Бүгінде ерлі-зайыпты Кәусар және Әбухайыр есімді екі бала тәрбиелеп отыр. Өзінің жастық дәуірені туралы әнші былай дейді: «Біреуге ес-түссіз ғашық болдым деп айта алмаймын. «Қарамасаң өлем-күйем» деген жағдайға да барған емеспін. Шыны керек, көбіне гастрольдік сапарларда жүретіндіктен, менде мұндай жүрістерге аса көп уақыт та бола бермейтін. Мен сүйгеніме қосылған адаммын. Жарыма ғашық болдым. Осыған қуанам, тәубе деймін. «Шын сүйгендер қосылмайды» дегенге өз басым сенбеймін. Бұл деген сезімге қатты беріліп кеткен адамдардың әңгімесі деп ойлаймын. Тіпті, кейбір адамдар бақытының қасында жүргенін де байқамайды. Сондықтан айтарым, қасындағы адамыңды бағалай білу керек».

Үйден гөрі түзде көп жүретін Мейрамбек Беспаев ата-анасының, отбасының қасында жиі бола алмайтынына қынжылады.

«Өзімді керемет әкемін деп айта алмаймын. Өйткені, үйде көп бола бермеймін. Балаларымның тәрбиесімен көбіне Мархабат, туысқандар айналысқаннан кейін өзімді керемет әкемін деп санай алмаймын», – деп шындығын айтты әнші.

Тобықтай түйін

Қазақ эстрадасындағы шоқтығы биік нағыз әншінің қоңыр үнін тыңдамайтын қазақ кемде-кем. Ол өзін жұлдыз емес, қазақы қоңыр тіршілікті аңсайтын қара баланың бірі санайды. Саналы ғұмырын өнерге арнап, қоңыр дауысты үнімен көптің сүйіктісіне айналған әншінің мықтылығы әннің лүпілін жоғалтпайтынында болса керек.